

ДАМУ



Өнімдер 13 елге экспортталады

2

КӨМБЕ



RUХАНИ ЖАҢҒЫРУ Village life: барып қайт, балам, ауылға...

3

ТАРИХ



Жосалы механикалық зауыты

4

НАЗАР



Гаджет және кітап оқудың кереметі

6



Сыр бойы



№176 (19854)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyikz

21 қараша /БЕЙСЕНБІ / 2019 жыл

■ ПРЕЗИДЕНТ

Экожүйе нысандарымен танысты

Мемлекет басшысы елордадағы инновациялық экожүйе нысандарымен танысты. Қасым-Жомарт Тоқаев «Алем» бағдарламалау мектебіне, Халықаралық «Astana hub» IT-старттар технопаркіне және «Astana IT University» ақпараттық технологиялар университетіне барды. Бұл нысандардың бәрі «Астана ЭКСПО-2017» аумағында орналасқан.

Қазақстан Президенті «Алем» мектебінің оқыту бағдарламасымен танысты. Оқушылармен әңгімелесу барысында әлемде IT саласының өзектілігі мен сұранысқа ие екенін атап өтті.

– Қазақстанның мақсаты – әлемдік үрдістен қалып қоймау. Ең бастысы, заман ағымымен жүріп отыруымыз керек, әйтпесе біз әлемдік даму үдерісінен сырт қаламыз. Біз жастарды осындай дағдыларға баулып, аталған салаға көптеп тартуымыз керек. Білім алуға ұмтылатын өте қабілетті жастарымыз жеткілікті, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Оқушылар Мемлекет басшысына лекцияларды, баға қою

әдісін және басқа да дәстүрлі білім беру элементтерін мұғалімсіз бағдарламалауды қалай үйрену керектігін айтты.

Содан кейін Мемлекет басшысы Халықаралық «Astana hub» IT-старттар технопаркіне барды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа технопарк базасында жүзеге асырылып жатқан матчмейкингке арналған киберспорт платформасы мен автоматтандырылған «DNUI Software» сауда алаңы, «Tastamat» мобилді постаматтары, «Clockster» деп аталатын қызметкерлердің жұмысқа келіп-кетуін тіркейтін биометриялық жүйе және басқа да старттар-жобалар таныстырылды.



«Astana IT University» ақпараттық технологиялар университетінде Мемлекет басшысына жоғары оқу орнының негізгі бағыттары туралы мәлімет беріліп, оқу кабинеттері мен зертханалары көрсетілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев студенттерді сапалы білім алып, еліміздің игілігі үшін жұмыс істеуге шақырды.

– Университет Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей баспауымен ашылған. Білім беру тұрғысынан бұл университет беделді әрі білікті мамандар даярлайтын, беделді оқу орнына айналатынына ешқандай күмәнім жоқ. Негүрлым жақсы білім алсаңыздар, соғұрлым алар игіліктеріңіз көп болады, – деді Президент.

Сондай-ақ Президент «Digital Centre» халыққа цифрлық қызмет көрсету орталығына барды. Онда Мемлекет басшысына тұрғындар мен ел қонақтарына қызмет көрсететін электронды үкімет жүйесі таныстырылды.

■ ҚОЛДАУ

Жаңашылдыққа ұмтылған жобалар



Суретті түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ.

Қызылордада «Байқоңыр Start-Up - 3» бизнес-идеялар конкурсы қорытындыланды. «Жан-Арай» кешенінде үздіктерді облыс әкімінің орынбасары Мұрат Имандосов марапаттады.

Назерке САНИЯЗОВА.

Үшінші мәрте ұйымдастырылған конкурста Қызылорда қаласы мен аудандардан 100-ге жуық жас қатыса, комиссия 60-ның жобасын қорғау сатысына жіберген. Олардың арасынан озық идеялы 6 үміткер үздіктер қатарынан көрінді. Айта кетейік, комиссия құрамында «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалы, мемлекеттік органдар, өңірлік кәсіпкерлер палатасы, қаржы институттары мен бизнес-қауымдастықтың өкілдері болды.

Салтанатты жиында облыс әкімінің орынбасары Мұрат Имандосов 2018-2020 жылдардың жаппай кәсіпкерлікті дамытудың ұшжылдығы ретінде жариялану халықты жұмыспен қамту мәселелерін тиімді шешуге, жалпы ішкі өнімдегі шағын және орта бизнестің үлесін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік бергенін атап өтті.

– Бүгінгі күні өңірде 45 630 кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеп тұр. Оның 24 процентке жуығы 18 бен 29 жас аралығындағы кәсіпкерлерге тиесілі. Мемлекеттік

бағдарламалар аясында биыл 2546 адам кәсіпкерлік негіздерін үйренді. Саланы дамытуға арналған қаражаттың 395,6 млн теңгесі жас кәсіпкерлердің 125 жобасын шағын несиемен қамтамасыз етуге жұмсалды. Қайтарымсыз гранттар үшін бөлінген 21 млн теңге есебінен тағы 44 жоба жүзеге асырылды, – деді ол.

Жаңашылдыққа ұмтылған жобаларды қолдауға бағытталған байқау жеңімпаздарына қаржылай жұлделер табысталды. Конкурс қорытындысымен қызылордалық Асылбек Әлібек, жалағаштық Қайрат Саденов, қармақшылық Айшолпан Қайлауылова – III, облыс орталығынан қатысушы Оралбек Абдуллаев пен шиелік Рауан Сейдахметов II орын алды. «KinoSky» – ашық аспан кинотеатры» жобасының авторы, қызылордалық Сұлтанбек Келжанов жеңіс тұғырынан көрінді.

Қалған қатысушыларға алғыс хат табысталды.

1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай өткізілетін облыстық іс-шаралар

№	Іс-шараның атауы	Өтетін күні мен уақыты	Өткізілетін орны
Қызылорда қаласы			
1	1 желтоқсан-Тұңғыш Президент күніне орай салтанатты мәдени шара	29 қараша сағат 17.00	Қызылорда қаласы, Н.Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театры
2	Облыстық филармония өнер ұжымдарының «Жыл концерті» атты шарасы	30 қараша сағат: 18.00	Қызылорда қаласы, Н.Бекжанов атындағы қазақ музыкалық драма театры
Арал ауданы			
3	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай аудандық мәдениет үйінде мерекелік салтанатты кеш	29 қараша Сағат: 17.00	Арал аудандық мәдениет үйі
Қазалы ауданы			
4	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне орай «Бірге ел тула-Елбасы» аудандық салтанатты кеш	29 қараша сағат: 16.00	Өйтеке би кенті, Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет орталығы
Қармақшы ауданы			
5	«Елің сүйген, Елі сүйген Елбасы» атты салтанатты жиын	29 қараша сағат: 16.00	Жосалы кенті, Ш. Төлепова атындағы аудандық мәдениет үйі
Жалағаш ауданы			
6	«Елім деп соққан жүрегі» атты салтанатты жиын өткізу	29 қараша сағат: 11.00	Жалағаш кенті, Қ.Қазантаев атындағы мәдениет үйі
Сырдария ауданы			
7	Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне арналған «Еліміз бағы-Елбасы» атты мерекелік шара	29 қараша сағат: 11.00	Сырдария аудандық мәдениет үйі
Шиелі ауданы			
8	«Елбасы жолы - ертеңге өнеге» атты мерекелік концерт	28 қараша сағат: 17.00	Шиелі кенті, «Арман» мәдениет үйі
9	Тұңғыш Президент күніне орай «Атыңа ұлы қойбасшысы» атты мерекелік шара	29 қараша сағат: 16.00	Шиелі кенті, Б.Қабылұлы атындағы аудандық мәдениет үйі
Жанакорған ауданы			
10	«Ұрпағы ұлықтаған тула» атты мерекелік шара	29 қараша күні сағат: 17.00	Жанакорған кенті, М.Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйі

■ ЕҢБЕК ДАҢҚЫ

Үздік күрішші

Биыл Қармақшы ауданы Тұрмағамбет ауылындағы «Тұрмағамбет» шаруашылығы 2700 гектар жерге күріш егіп, гектарына 75 центнерден өнім алды. Аудан бойынша бірінші орынға тұрақтаған серіктестік дикандарының еңбегі ерен. Солардың бірі – Аслан Берманов гектарына 99,5 центнерден өнім жинап, үздіктер көшін бастады.

Дәулет ҚЫРДАН.



Аслан Оразбекұлы бес жылдан бері шаруашылықта күріш егеді. Өз атасы Берман Бисенбаев – жақаевшы, Ленин орденді күрішші болған. Нағашы атасы Әбен Тоғызбаев та аты аңызға айналған даңғайыр дикан Ыбырай Жақаевтың қолынан күзлік алған. Осы кәсіп Асланды да биікке шығарды.

– Әдепкіде көп нәрседен бейхабармыз. Күрішті қалай егеді, оны қалай суарады? Осының барлығын ауылдағы ағаларым үйретті. Бригадиріміз әрі ұстазымыз Өтеген Жәрмедетов көп көмектесті. Қазір ауылдардың болашағы зор. Кіндігімің қаны тамған жерге маңдайымның тері тамсын деп еңбектеніп жатырмын. Елде мүмкіндік жоғары, еңбектенсең жетіп жатыр, – дейді А.Берманов.

Асланның анасы Алтын Тоғызбаева – шаруашылықтың есепшісі. Ал әкесі Оразбек – темір тұлпарды тізгіндеген механизатор. Отбасының келіні

сүт өңдеу цехының жанындағы «Ақтайлақ» дүкенінде сатушы болып жұмыс істейді.

– Елдің негізгі күнкөрісі – шаруашылық. Соңғы жылдары балабақша, сүт өңдеу цехы ашып жатыр. Қанша жаңа жұмыс болды. Ауылда қалып тұрақтағандар көбейеді. Сүт өңдеу цехының өзі талай жаңа мүмкіндік беріп отыр.

Аслан үздік күрішші ретінде облыста 3 орын алса, ауданда 1 орынға қол жеткізді. Біздің елдегі осындай жас мамандарымыз туған жерді түлетуге жұмыс істеп жатыр, – деді «Тұрмағамбет» ЖШС экономисі Нәсербек Тұрмағамбетов.

Еңбектің даңқы ауыл айналып қалмайтыны бесенеден белгілі ғой. Ал, сол еңбекке жан-тәнімен иілген ер осылай төрге оза бермек. Қысқасы, Асланның аларшыны алды. Бұл енді базбір жастарға үлгі демесе болмайды

Отбасының келіні Қармақшы ауданы.

БАСПАСӨЗ - 2020

6 айға жекелер үшін /3000 тг. Мекемелер үшін /4000 тг

■ ФОРУМ

Қызылордада «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы бастауыш партия ұйымдарының облыстық форумын ұйымдастырды. «Партияның басты күші – бастауыш партия ұйымдары» тақырыбындағы жиынға 300-ге жуық делегат қатысты. Басқосуда бастауыш ұйымдар жұмысын жандандыру жайы талқыланып, басым бағыттар белгіленді.

Шынар БЕКБАН.

БПҰ белсенділігі арта түседі



Барлық ауданнан келген ұйым төрағалары алдымен 4 бағытта өткен секциялық жұмыстарға қатысып, Елбасы сенім арқан саяси ұйымның елдің көшін ілгерілету бағытындағы жұмыстарын жан-жақты саралап, пікір алмасты.

Форумға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқаламов партияның беделін арттыруға баса көңіл бөлу керектігін атап өтіп, еліміздің саяси жүйесіндегі «Nur Otan» партиясының орны мен рөліне тоқталды.

Бастауыш партия ұйымдарының мәртебесі – «Nur Otan» партиясының басты назарында. Бұрын партияның облыстық филиалына қарағанда 272 бастауыш ұйымы болса, қазір олардың 20-сы қысқартылды. 65-нің жетекшісі қайта сайланды. Қазір бастауыш ұйым төрағаларының 116-сы аумақтық филиалдардың Саяси кеңесі мүшелігіне, 44-і саяси кеңес бюросы құрамына енгізілді. Сондай-ақ, 25-і жергілікті мәслихат депутаты. Бұл туралы партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Акмарал Әлжанзарова айтты.

Ядролық электр қалыптастыру мақсатында еліміздің барлық өңірінде партияның кадрлық резервіне іріктеу жұмыстары жүргізілді. Алғаш пилоттық режимде қолға алынған жоба Сырдария ауданында ұйымдастырылып, партияның аудандық филиалының кадрлық резерві жасақталды. Одан бөлек, бірінші болып жастардың басын біріктіретін және олармен жан-жақты жұмыс жүргізетін қала, аудан көлемінде «Жастар» БПҰ ашылды. Бұл саяси лидерге айналуына партия тарапынан жасалып отырған мүмкіндік, – деді ол.

Саяси ұйымның қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыстағы жұмысының маңызын облыстық қоғамдық кеңес төрағасы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі директоры Бақытжан Сайлыбаев айтса, партия міндеттерін орындаудың, атқарушы органдарға ықпал етудің негізгі тетігі – мәслихаттардағы фракциялардың жұмысы жайлы облыстық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясы жетекшісі, И.Әбдіқаримов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжі директоры Ибадулла Құттықожаяев кеңінен баяндады.

Партия алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес, партиялық бақылау

механизмдерін күшейту. Филиал жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі облыстық қоғамдық кеңес төрағасы Мақсұт Нәлібаев пен партиялық бақылау комиссиясы төрағасы, «Қазпошта» АҚ Қызылорда филиалы директоры Аида Әбибуллаева осы бағыттағы жұмыс барысына тоқталды.

Әр тақырыпқа ден қойған партиялық жұмысты белсенді ету үшін өздерінің ой-пікірлерін ортаға салып, ұсыныстарын айтты. Жыны соңында «Үздік бастауыш партия ұйымы» республикалық байқауы облыстық кезеңінің жеңімпаздарын марапаттады.



Содан кейін нұротандықтар «Партия паркін бірге қалыптастырамыз» атты акция өткізіп, Қызылорда қаласының шетінен арнайы партия аллеясын жасақтады. «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы бастамасымен ұйымдастырылған акция Арал ауданынан басталып, челлендж арқылы өзге аудандарда да жүзеге асқан. Челленджді партияның облыстық филиалының аппараты, қалалық және Тұран, Теміржол филиалдарымен бірге Жалағаш аудандық филиалынан қабылдап, қорытындылады.

Акция аясында 500-ден аса ағаш отырғызылды. Сонымен қатар шара барысында «Бауырсақ пати» ұйымдастырылып, ағаш егушілер бір-біріне ыстық бауырсақ үлестірді.

Халықта «Мың жылдығын ойлаған ағаш егеді» деген даналы сөз бар. Тағылымы мол акцияны жалғастырушы қызылордалық нұротандықтар барша жерлерімізге бірге өзге өңірлердегі партияластарына жолдады.

■ БӘРЕКЕЛДІ

Сырбайлық студенттер жеңіспен оралды

Жастардың еңбек нарығында сұранысқа ие, кәсіби тұрғыда мықты маман болуы маңызды. Осы мақсатта Нұр-Сұлтан қаласында «WorldSkills Kazakhstan 2019» кәсіби шеберлік республикалық чемпионаты өтіп, Сыр елінен 14 студент қатысты.

Тәуелсіздік сарайында ұйымдастырылған кәсіби шеберлік сайысында «Мектепке дейінгі білім беру» құзыреттілігі бойынша М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің студенті Аяулым Сарманова бақ сынап, II орын иеленсе, «Бастауыш білім беру» құзыреттілігі бойынша осы колледжде білім алатын Акселлеу Арленкеева IV орын алып, ерекше кәсіби шеберлігі үшін Excellence медалімен марапатталды. Сондай-ақ, мұндай медальға Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі студенті Досмұханбет Мұқтарұлы мен Шіелі Адамұлы-индустриалды колледжінің студенті Ернар Баймағамбетов те лайық деп танылды.

Жұмысшы мамандығының мәртебесін көтеру, кәсіптік білім беруді дамыту мақсатында 1946 жылы құрылған WorldSkills коммерциялық емес

халықаралық қозғалысына біздің ел 2014 жылы қосылған. Содан бері колледж студенттері республикалық сайыстарда ғана емес, әлемдік чемпионаттарда да кәсіби шеберліктері бойынша сыңға түсіп келеді. Қазақстандық студенттер 2015 жылы Сан-Паулу қаласындағы чемпионатта 50-орыннан көрінсе, 2016 жылы Швецияда 29-орын, 2018 жылы Будапештте 10-орын, 2019 жылы Казаньдағы чемпионатта 14-орын иеленді. Бағамдасақ, әлемдік деңгейдегі бұл көрсеткіштер жыл сайын жоғарылап келеді. Бұл еліміздегі кәсіби мамандардың әлемдік боскеге төтеп бере алатынын білдірсе керек.

Айта кетейік, «WorldSkills Kazakhstan-2019» республикалық чемпионатының жеңімпаздары келер жылы Қытайда өтетін чемпионатқа 38 құзыреттілік бойынша қатысатын болады.

«СБ» ақпарат.

■ БРИФИНГ

Шағын несие мен грант кәсіпкерлікке кең өріс ашты

Биыл кәсіпкерлік саласын қолдауға арнайы жол картасы әзірленіп, оған 34 млрд теңге бөлінген. Оның ішінде 5 млрд теңге мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар шеңберінде шағын несие мен мемлекеттік гранттар беруге бағытталды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов хабарлады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

– Бөлінген қаражат есебінен «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасы аясында шағын несие-лендіру үшін 3,5 млрд теңге, ал несиегерді кепілдендіру үшін 220,9 млн теңге бөлінді. Сонымен қатар, «Микробизнес-Қызылорда» өңірлік бағдарламасы шеңберінде облыстық бюджеттен 850 млн теңге бөлініп, нәтижесінде 182 кәсіпкердің жобасы шағын несиедендіру үшін мақұлданды. Бұдан бөлек, «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасын іске асыру мақсатында 1 млрд 50 млн теңге бөлініп, шағын және орта бизнестің 216 субъектісіне қар-

жылай қолдау көрсетілді, – делі ол. Ал мемлекеттік гранттар конкурсын өткізу үшін 31 млн теңге бөлініп, оның 21 млн теңгесі жас кәсіпкерлердің кәсібін жандандыруға бағытталған. Конкурста 473 шағын кәсіпкерлік субъектісінен өтінім түсіп, комиссия шешімімен 84 жоба қаржылай қолдауға ие болған. Соның 44-і жас кәсіпкерлердің үлесінде. Жалпы жыл басынан бері өңірімізде тіркелген шағын және орта кәсіпкерліктің саны 1393-ке көбейді. Жұмыс істеп тұрғандарының үлесі 86,2 процентті құрайды. Аймақта туризм саласын дамытуға да айрықша көңіл бөлінуде.



Бұл ретте еліміздің туристік карта-сына облыстан «Қамастыбас» демалыс аймағы, «Жаңақорған» шипажайы, «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағы енгізілген. – Осы үш туристік нысанды жандандырасақ, туризм саласын дамытуда ілгерілеушілік болатыны анық. Бүгінде «Байқоңыр» ойын-сауық туристік аймағын құру үшін

Кармакшы ауданы аумағында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автодөлізін бойынша жер учаскесі анықталып, жобаның жер телімін рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде. Шілде айында облыс әкімдігі мен «K2AT» корей компаниясы арасында меморандумға қол қойылған. Соның негізінде инвестор бірінші кезеңде құрылыс нысанына 84 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салуға ниетті. «Жаңақорған» шипажайының құрылысы жалғасуда. Жобаның құны 906,8 млн теңгені құрайды. Құрылыс-монтаж жұмыстарының 90 проценті аяқталды. Желтоқсан айында пайдалануға беріледі деген жоспар бар. Сонымен бірге «Қамастыбас» демалыс аймағын дамыту да қолға аламыз. Көл жағалауында 27 кәсіпкер қызмет жасапты 104 демалыс үйі орналасқан. Ойын-сауық туристік нысанды бойынша демалушылардың саны 89050-ге жетсе, биыл ол көрсеткіш 15 процентке артады деп күтілуде, – делі басқарма басшысы.

Өнімдер 13 елге экспортталды

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасының басшысы Ринат Сұлтангереев ҚР Президенті Жолдауынан туындайтын салаға қатысты міндеттер мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Басқарма басшысы статистикалық мәліметтерге тоқталып өтті. Облыс бойынша өнеркәсіп саласында биылғы жылдың 10 айында 722,7 млн теңгенің өнімі шығарылған. Өңдеу өнеркәсібі саласында өндірілген өнім көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,4% жоғарылап, 106 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Есепті кезеңде құны 646 млн теңгені құрайтын 5 кәсіпорын іске қосылып, 177 жұмыс орны құрылды.

Р.Сұлтангереев Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын міндеттердің басым бөлігі шикізаттық емес секторды дамытуға және тікелей шетел инвестициясын тартуға қатысты екенін жеткізді. Аймақта индустрияландыру бағдарламасының екінші бежылдығы аясында жалпы құны 568 млрд теңгенден асатын 28 жоба іске асырылуда. Бүгінгі күнге дейін оның 7-і іске қосылған. Қазір тампонажды цемент зауы-

ты 6 түрлі өнім шығаруда. Көршілес облыстарға 320 мың тоннадан астам цемент өткізілсе, 26,4 мың тонна Өзбекстан Республикасына экспортталған. Ал «Арал тұз» АҚ екі бірдей испан цехын іске қосу нәтижесінде өнімнің 75 процентін экспортқа шығаруға қол жеткізді. Бұдан бөлек, британдық инвесторлармен бірлесіп, жүзеге асырылып жатқан «Баласауыскандық» ванадий кен орнынан 10 айда 203 тонна өнім экспортталды.

Жалпы алғанда индустриялық жобалар өнімдері 13 елге шығарылады. Индустриялық карта жобалары бойынша өндірілген өнім көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 20,7%-ке өсіп, экспортталған өнім көлемі 24,7%-ке ұлғайған. Бағдарлама аясында жыл соңына дейін 3 жобаны іске қосу жоспарлануда.

Инвестиция тарту тетігін жетілдіру мақсатында биыл жоспарланған 2 іс-шара өткізілді. Ал



инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңес 2016 жылдан бастап жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ, инвесторларға сүйемелдеу жұмыстарын жүргізетін фронт-офистер қызметін республика бойынша ережесі бекітіліп, Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы базасында фронт-офис құрылды. Өңірде инвестиция тарту мақсатында «Байқоңыр» еркін экономикалық аймағын (ЕЭА) құру бойынша жұмыстар атқарылууда. Оған қоса 23 роуд-шоу және IV Халықаралық интернет-форум ұйымдастырылып, ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумдарға қол қойылған. Жыл басынан бері облыста Ресей, Қытай, Корея,

Тәжікстан, Өзбекстан және тағы басқа елдерден делегациялар болып қайтты. Басқарма басшысы осы орайда жыл соңына қарай XI «Байқоңыр инвест» инвестициялық форумын ұйымдастыру жоспарланып отырғанын хабарлады.

Брифингте, сонымен қатар, индустриялық аймақтарға қатысты мәліметтер де айтылды. Өңірде 6 индустриялық аймақ құрылған. Қазіргі таңда 210 гектар жер игеріліп, онда жалпы құны 193 млрд теңгені құрайтын 47 жоба орналас-тырыла, оның 21-і іске қосылған. Жыл соңына дейін тағы 11 жоба орналастыру жоспарда бар. Биыл құны 166 млн теңгені құрайтын 5 жоба іске қосылып, 26 адам жұмыспен қамтылды. Барлық индустриялық аймақтардың инфрақұрылымына бюджеттен 6,7 млрд теңге жұмсалса, тікелей тартылған инвестиция 78,7 млрд теңгені құраған.

Мұнан бөлек, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы шеңберінде жалпы құны 8,7 млрд теңге болатын 104 жоба бойынша тиісті жұмыстар жүргізілуде. Оның ішінде құны 2,3 млрд теңгені құрайтын 32-сі мақұлданды. Құны 5,9 млрд теңге болатын 25 жоба бойынша өтімдер банктерде қаралып жатса, 47 жоба бойынша құжаттар жинақталуда.

■ АДАЛДЫҚ

Мемлекеттік қызметші – елдің айнасы

Облыс әкімдігінің баспасөз орталығында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі облыс бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы Нұрман Талқанбаев Жолдаудан туындаған міндеттер мен алдағы жоспарлар және биылғы тоғыз айда атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Аймақта мемлекеттік қызметшілердің штат саны 3695 бірлікті құрайды. Оның 14-і саяси мемлекеттік қызметші. Есепті мерзімде 83 мемлекеттік қызметші жұмыстан кеткен.

Мемлекеттік әкімшілік қызметке кіруге үміткерлерді тәжірибелі 1269 адам қатысып, оның 512-сі немесе 40,3 проценті жоғары нәтижеге ие болған. Жастар арасында мемлекеттік қызметті насихаттау мақсатында 69 кездесу өткізілген. Өңірде 29 жасқа дейінгі 558 мемлекеттік қызметші жұмыс істейді. Осылайша олар мемлекеттік қызметшілердің 15,7 процентін құрап отыр.

Аумақтық және жергілікті

мемлекеттік органдарда 374 қызмет түрі көрсетілген. Электронды түрде көрсетілген қызметтер үлесі бытырмен салыстырғанда 20,6 процентке артқан. Ал қағаз түрінде көрсетілген қызметтер 21,1 процентке төмендеген.

– Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалауға мүмкіндік беретін «Дижитал агент» мобильді қосымшасын 853 адам пайдаланып, қызмет көрсету сапасына тиісті бағасын берген. Оның ішінде 72 азамат шағым білдірген, – делі департамент басшысы.

Әдеп жөніндегі кеңестің 9 отырысы өткізіліп, 48 мәселе қаралған. Оның 23-і тәртіптік іс болса, 25-і профилактикалық бағыттағы мәсе-



ле. Кеңестің шешімімен 8 қызметшіге Әдеп кодексі талаптарын бұзғаны үшін, 6-на мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін тәртіптік жаза қолданылған. Мемлекеттік қызметшілердің артық жұмыс істеу фактілерін болдырмау мақсатында 39 оғанда СКУД жүйесі және 43-де

компьютерлерді автоматты өшіру жүйесі орнатылған. Осындай шаралардың нәтижесінде биылғы қыркүйек айында артық жұмыс істеу көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 21 есеге төмендеген. Департаментке өз құқықтарын қорғау үшін шағымданғандардың арзы бойынша жүргізілген тексерулер нәтижесінде 21 азаматтың құқығы қалпына келтірілген.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда халықпен кері байланысты арттыру қажеттігін тапсырған болатын. Осыған орай департаментте өткізілген жеке қабылдауларда 100-ге жуық азаматтың арыз-шағымны тыңдалып, заңнамаларға сәйкес тиісті шешімдер қабылданды. Бұдан басқа жыл басынан бері 16 рет онлайн интернет-конференция өткізілді, – делі департамент басшысы.

Сондай-ақ, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы мен оның мүшелері облыс орталығында және аудандарда жеке қабылдаулар өткізген.



Оқырмандармен кездесті

Аймақ айнасына айналған «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газетінің 90 жылдық мерейтойы аясында басылым өкілдері сөйсебі күні Сырдария және Жалағаш аудандарында болып, оқырмандармен ой бөлісті.

Шығармашылық өкілдерін алдымен Сырдария ауданының әкімі Руслан Рүстемов қабылдап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуы мен атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтып берді. Қалың оқырманның сырласына айналған басылым өкілдерін мерейтоймен құттықтады.

Мұнан соң Сырдария аудандық орталықтандырылған кітапхана-сында оқырман қауымымен кездесу өтті. Онда «Қызылординские вести» газетінің бас редакторы Қазбек Ботаев, «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы Дәуржан Елубаев және газеттің аға тілшісі

Ғазиза Әбілда басылым тарихын тарқатты. Сондай-ақ, оқырманмен шығармашылық байланыс нығая беретінін жеткізді. Кездесуде журналист Мейрамбек Шілдебайұлы, «Тіршілік тынысы» газетінің жауапты хатшысы Шаһарбек Нұрсейітов, зейнеткер Мектепхан Елеусінов, аталған кітапхана директоры Гүлстан Нұржакиева ұсыныс-тілектерін айтты. Соның бірі – елімізге, өңірге танымал аңыз адамдар туралы арнайы айдар ашу.

Кітапханадағы кездесуде ардагерлер мен оқырман қосбасылымның мерейтойына тілектестіктерін білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

Осындай кездесу Жалағаш ауданында жалғасты. Облыстық басылым өкілдерін аудан әкімінің орынбасары Жағыпар Тажмаханов қабылдады. Ол аймақ тынысын үздіксіз ақпараттандырып келе жатқан қос басылымның ғасырға жуық уақыт аралығында өңірдің саяси идеологиялық бағытта өсіп-өркендеуіне өзіндік үлесі зор екенін атап өтті. Ал оқырмандармен кездесуде біршама ұсыныс-пікірлер ортаға салынды. Қазақстан Журналистер одағының мүшелері Шынғыс Айбосынов, Рысбай Қаримов, Жалағаш аудандық газетінің ардагері Серік Бертаев сөз сөйлеп, аймақтағы мазмұны байып, оқырман көңілінен шығып келе жатқанын айтты. Сонымен қатар, газеттерге мақала, жарнама беруге байланысты ұсыныстарын ортаға салды. «Қызылординские вести» газеті-

нің бас редакторы Қазбек Ботаев газеттің тарихына қысқаша тоқталып, басылымның халықтың мұң-мұқтажын жеткізудегі айшықты жұмыстарын атап өтті. «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы Дәуржан Елубаев қос басылымның 90 жылдық мерекесі кең көлемде аталып, оның аясында фотожүрі, «Атынан айналайын, Атамекен!» атты облыстық ақындар мүшәйрасы өткізілетінінен хабарлар етті. Басылымның арнаулы аға тілшісі Ғазиза Әбілда бүгінгі таңда мерзімді ақпарат құралдарының алдында тұрған міндет ауқымды екенін, бұл орайда дәуір толқымын тыныстаған қос басылымның өзіндік сара жолын қалыптастырғанын айтты.

Кездесуде еркін пікір алмасқан оқырмандар қос басылымның шығармашылық табыстары арта беруге тілектестіктерін білдірді.

«СБ» ақпарат.

VILLAGE LIFE: Барып қайт, балам, ауылға...

Қазақ халқының ізгі мәдени құндылықтары – құрмет пен ізеттілік, қайырымдылық пен қоғамдастықпен қарым-қатынас жасау сияқты қасиеттері бізге өнегенің көрінісі ауылдан басталады. Демек, адами құндылықтардың бастауы ауылдық тәрбиеде жатыр десек, артық айтқандық емес.

Ұлттық салт-дәстүрлер атаның қанымен, ананың сүтімен ұрпақтан-ұрпаққа дарып, ауыл өмірімен біте қайнасып сақталып келеді. Облыстық тарихи-өлкетану музейі Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласының «Тарихи сананы жаңғырту» тарауында көрсетілген мектеп туризмі дамыту жұмыстары бойынша және Жастар жылына орай мектеп оқушылары арасында «Village life» жобасын ұйымдастырды. Жоба маусым-қазан айлары аралығында өтті. Қаладағы 16 мектеп, 800 оқушыны қамтыған жоба екі бағытта жүзеге асты. Мектеп оқушылары Сырдария ауданы Бесарық ауылы мен Шиелі ауданы Ы.Жақаев ауылында болып, тыныс-тіршілігімен танысып қайтты.

Ұлт құндылықтары, рухани байлықтың қайнар бұлағы ауылда. Кішіпейілдік, бауырмалдық сынды асыл қасиеттерді асақалдары мен абыздарының, дуалы ауыз қариялар мен ақ жаулықты аналардың тәрбиесінен алармыз сөзсіз. Осы орайда, жастарды руханияттың тамыры жатқан ауыл өмірімен таныстыру, ондағы мамандықтарының (зоотехник, агроном, ветеринар, зооселекционер, т.б.) мәртебесін көтеруі мақсат ет-



кен жобаның ұсынылуы да, оның құпталуы да, жүзеге асырылуы да – бүгінгі күннің талабы әрі қажеттілігі. Бұл жоба жаһандану заманындағы заманауи жастардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын дұрыс бағытқа өзгертуді мұрат тұтты.

«Барып қайт, балам, ауылға туған барып қайт, Шалғынға айнап, құмында ойнап салып қайт...» делінетін ән жолдарының күмбірі құлағымыздан кетпейтін ауыл баласымыз ғой. Қай ауылға барсақ та, әдемі ғимарат немесе зәулім үй іздейтінміз анық. Бізге керегі-ақ пейілді, жарқын көңілді, еңбекқор, өмірге құштар адамдармен жүздесу, пікірлесу, өмір жайлы өзекті әңгіме өрбіту, атакәсіпін танысу. Осы бір жан қалауын ізімізден еріп келе жатқан қала жастарына көрсетсек, жаһандану заманына сай өмірлік ұстанымдарына кішкене де болса ұлттық дән ескек деген мақсатты көздедік. Жоба сол үдеден шықты.

Қала мектептерінің оқушылары жоба аясында архаизм және тарихи сөздер-

мен танысты. Көне сөздер бала жадында жаңғырды, сөздік қолданыстарына енді. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында «Атқа міну мәдениеті» туралы жазылған. Мектеп оқушыларына ат ерттеуді, дұрыс отыруды үйреткен Жұмабай Байзақұлы мен Нұрлан Махмұтұлы жастардың көзіндегі отты, бойларындағы қазаки намысты байқағандарын айтты.

Атқа қонғанда тақта отырғандарды менсінбейтін қазақ батырларының ізбасарларын көргендей болды. Жалын тарта атқа мінген балалардың өздерін сайын даланың иесіндей сезінуі жанды тебіренпейтін қоймады. Ауылдың о шеті мен бұ шетін бойлай жүргірген балалардың қуаныштарында шек болмады. Ұлттық аспапта ойнап, күй тартып, ән салып шат-шадыман күй кешкен оқушылар ауылда асыр салып, ата-бабасынан қалған ұлттық музыкаға бейжай қарамайтынын байқатты. Қазақтың ұлттық тағамдары мен суындарын өз қолдарымен дайындап, ер балалар мал шаруашылығына араласып, төл күтімімен

айналысты. Киіз үйдің сүйектері мен жабдықтары таныстырылып, ішінде дәмалуға, тамақтануға мүмкіндік берілді. Қыздар алаша, кілем, ши тоқу өнерімен танысып, ауылдағы ана-әжелермен бірден тіл табысып кетті. Жоба соңында алған әсерлерімен бөлісу мақсатында «Үздік ессе» байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаз оқушылар анықталып, марапатталды.

Жаһандану заманында техникаға тәуелді жастардың бір сәт телефон, гаджеттерден арылып, қазақтың жаны саналатын ауыл өмірімен танысып, рухани байып қайтқаны бізді қуантқаны рас. Қала мен даланы байланыстырған жоба өз мақсатына жетті. Балалардың рухани әлемі, ұлттық құндылықтарға деген көзқарасы бір сәт жоғарылады. Жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мен ел өркенінің дамыту жолындағы білім ошақтарымен бірлесіп атқарған жұмыс өз нәтижесін берді.

Бахытқұл БЕКМАМБЕТ,
облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры.

Аққорғанды қорғаған Төлек батыр

Данағой қарттардың айтуымен әкеден балаға мирас болып келе жатқан қолжазба шежірелердің және қүймақұлақтардың айтуымен жеткен тарихнамалардың негізінде ортағасырлық Аққорған қаласын жоңғарлардан қасық қаны қалғанша қорғаған Төлек батыр жайлы деректерді жинақтап, назарларыңызға ұсынууды жөн көрдім.

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық қолдан сактай білу» деп ұлттық сананы жаңғырту үшін әрбір қазақстандық азаматтың атқаруға тиісті міндеті белгіленген. Казіргі таңда ұлттық санадағы терең өзгерістер, қоғамдық дамуға тың серпін тарихтағы ақтандықтардың орнын толтыру, оқиғалар мен құбылыстарды зерттеп-зерттелеп келер ұрпаққа қалдыру міндеті тұр.

Ел басына күн туған сол бір зұлмат шақта аты бүкіл қазақ еліне мәлім Қанжығалы қарт Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақұлы Жәнібек, Хангелдіұлы Райымбек батырлар тізе қосып осыншама ұлан-ғайыр жерді мына бізге мирасқа қалдырған. Солардың бірі – Сыр өңіріндегі Аққорған қаласынан шыққан Төлек батыр. Аққорған – ортағасырдағы қала. Қаланы алғаш рет 1890 жылы В.Каллаур, 1990 жылы А.Руднев, 1969-1970 жылдары К.Ақышев зерттеген. Екі деңгейден тұратын трапеция тәрізді төбенің аумағы – 150х110 м, биіктігі 6 м. Бұл қаладағы қоршау орналасқан аласа төбенің қабырғалары шығысында 216 м, батысында 240 м, оңтүстігі мен солтүстігінде 230 м қорғаныс қабырғасы мен айнала сыртындағы ордың іздері анық сақталған, яғни, деректерге қарағанда қала XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген.

Аққорған жерінде Құл Қожа Ахмет Ясауидің туған ағасы Хазіреті Садыр шайық және оның немересі Сафуаддин шайық (лақап аты Қойлақы ата), шөбересі Захияддин шайық (лақап аты Тілеулі ата) сүйектері жатыр. Осы әулеттен өрбіген ұрпақтар өкілі XV-XVIII ғасырлардағы ағайынды Үсен шайық пен Қара шайықтан тараған Төлек батыр 1733 жылы туып, 1802 жылы өмірден өткен. Ауызекі әңгімелерге қарағанда 1768 жылдарға дейін керемет ептілігі мен ерлігі елден елге тараған, жоңғарларға қарсы тойтарыс берген ержүрек батыр болған. Өз уақытында ерен ерлігімен көзге түсіп, Абылайханнан ту ұстаушысы болумен қатар, мың басы ретінде талай қиян-кескі жорықтарға қатысып, тапқырлығымен танылып отырған.

Қалдан Серен қолбасшылық еткен жоңғар әскері елді есенгүретіп қатты қырғынға ұшыратты. Мұндай ауыр күйзеліс ашық пен ашаршылық қазақ халқының басында бұрын-соңды болып көрмеген ақтабан шұбырынды алқақол сулама дәуірін әкелді. Осы кездегі аяншыты жағдайды көрген бірқатар саяхатшылар «Егер Сырдың қамысы мен балығы болмағанда қазақтардан тұқым қалмас еді» деп жазды. Осындай қиын-қыстау күндерде елді зұлмат жауыздықтан, жаудың қанды шенгелінен құтқаруға үлес қосқан бабамыздың ерлігі ерен. Жалпы 1750 жылғы Жоңғар қақпасындағы соңғы шайқасқа дейінгі ірі-ірі жеңістердің бәрінде де Қабанбай, Алтыбай, Ақтанберді, Есенбет, Жәнібек, Малайсары батырлармен бірге Сыр өлкесінен шыққан Төлек батыр да ерлік көрсеткен.

Тұлыбайұлы Жолдасбайдың 1987 жылғы жарық көрген «Тамыз таңы» атты романында он XVIII ғасырдағы Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған қазақ халқының дұшпандарға қарсы азаттық күресі жайлы айтылған. Романда аты аңызға айналған, есімі ел аузында сақталған Хангелді батыр баласы Райымбек, Сыр өлкесінен шыққан Төлек батырлардың ерліктері жайлы әңгімелейді. Төлек батыр туралы: «Есжан бастаған жігіттер Жоңғар жорықшыларының ізі-



не түсті. Тұтқыннан босанғандардың ішіндегі Төлек есімді қатпа жігіт өздерін қолға түсірген қосынның бағытын көздей тіке тартты. Ойраттар қосыны жүзден, екі жүзден жүреді және олардың арасы тым қашық емес. Егер біріне қауіп төнсе, екіншісіне жаушы шаптыртып, дереу көмекке келердей аралықта болады екен. Төлек қожа батыр, Хангелді жасақтарындағы менің жігіттерім жоңғардың бір жүздігімен айқасып осыратып едік, екі жақтан тағы екі жүздігі шығып бізді қоршап алды. Қашсақ, құтылып кетер ме едік, кеудесін ыза кереген сарбаздар жұбымызды жазбай, өлген-тірілгенімізге қарамай шайқасқа беріппіз. Бір уақытта қарасам, жиырмаға жетпейтін, аққан қан бетін жуып, біреулері ат жалын құшып аударылып түсіп кете жаздап жүр екен. Төңірегіміз қалың жау қауымымен алыпты. Төлек өкінгендей басын шайқап күрсініп қояды.

– Енді біздің басшымыз Есжан болады, – деді Төлек өз жігіттеріне қарап, ол не бұйырса соны орындаймыз.

Жігіттер күн ұясына толық батқанға дейін аса сақтықпен қарап ілгерілеп, қараңғылық қоюлана бастағанда ат тізгінін еркіне жіберіп, сары желіске салды.

– Осы сайдың ұлтанында жалғыз аяқ жол бар, – деді Төлек ат басын іркіп, Есжанға қарап: – Бұл менің талай жүрген жерім. Өткелдің жолы өте қысыңқы, әттең, біз жеткенше жау сол қысаннан шығып кетеді-ау. Егер осы аңғар ішінде кездессе, артқа бұрылуға шамасын келтірмей, желкелеп отырып жайратар едік.

– Осы таудан төте жол бар ма, Төке? – деді Райымбек.

– Бар, – деді Төлек.

– Кідірмей онда сол қысыңқы аңғардың алдынан жау қарсы аламыз, – деп Райымбек пен Төлек бастаған жігіттер өзекшені өрлей жүріп кетті.

Олар қанша көп болғанымен Төлектің айтуына қарағанда тар қысанда топтанып аттың басын артқа бұра ұрысуға мүмкіндігі жоқ.

– Ондай жерде көп те бір, жалғыз адам да бір. Қуып жеткен бойда артқа бұрылуға мұрша бергізбей желкелен соққылаймыз, – деді Төлек батыр.

Тау қырасына салып, лекіп бара жатқан Төлек пен Райымбек сай табанындағы қымқуыт, у-шу, аса әбігерлікті байқалды. Бұл тұн жарымнан асқан уақыт еді. Ойраттар, тау басын қазақтар қаптап кеткен де деп қайран қалды. Ойрат тілін бір кісідей жақсы білетін Төлектің құлағына, «О, Бұрхан, біткен жеріміз осы шығар, алды-артымызда, екі жағымызда да самаладай самсаған жау» деген сөздер естіледі. Соны естуді мұң екен, ол аттан түсе салып жалма-жан бірнеше тасты төмен домалатып жіберді, жігіттерде Төлек не істесе, олар да соны істеді. Сай табанындағы ойраттар бұрынғысынан да бетер қатты тасты.

– Қаруларыңды тастаңдар, сонда ғана аман қаласыздар,

әйтпесе түгел оңат боласыздар! – деген Төлектің тақ-тұқ әмірлі ашы дауысы анық естілді.

– Қаруды тастадық, тұтқынға алыңдар, – деген жалынышты жауап естілді.

– Енді мына өзекті жағалап бір-біріле бізге қарай жүріңдер! – деп Төлек тағы әмір берді. Шыққан жауды өзге жігіттер жартастың қалқасына апарып жер жастандырып жатты. Осы шайқаста әрқайсысы әр ауылдан ондаған жүздеген жігіттен жинап, өздері ұраншы болып мыңдаған жоңғармен бетпе-бет келіп ұрысқа түскен Өтеген, Бердіқожа, Төлек батырлар ерлік, батылдығымен көзге түсітті. Өзгелерден озықырап Райымбек пен Есжан келеді. Серілей биік қарагер ат мінген Төлектің қолында құрықтай қайың сапқа орнатқан шағын шаршы жасыл ту, қайың сапты сағағына байланған бір шоқ қылқұйрық, бау соққан таңғы қоныр» салқын желмен желбірейді. («Тамыз таңы» романы, 189-193б.)

Көнеқоз қариялардың айтуына қарағанда, Төлек батыр ат үстіндегі соғыс өнерін жоғары менгерген. Ат үстінде бірде оң жағына, бірде сол жағына, бірде бауырына өтіп, соғыс қаруларын аса ептілікпен қорғана отырып жұмсаған. Сауытты көп пайдаланбаған көрінеді. Көбінесе жылдамдыққа лайықты деп жезігіз иіп тонмен сайысқа, бір Аллаға сыйынып, «Алла-уһ, Алла-уһ» деп ұрандап, ұрыс қашан аяқталғанына зікір салуын тоқтатайды екен. Абылайхан бастаған батырлар мен сарбаздар қалмақтарды Балқаш көлінен өткізіп салып, екі жақ соғыспауға пәтуға келісім жасасаған қағазына 14 адамның ірі болып Төлек батырдың да қол қойғаны жайлы айтылады.

Ел ауызында мынандай бір нақыл сөз бар: «Аққорғанның оқ-дәрісін жауға ат, Аққолдың оқ-дәрісін аңға ат». Ертеле ата-бабаларымыз күн шықпастан апақ болып шықпанып тұрған жерді сызып белгілеп қояды екен. Сол жердегі көбіктеніп тұрған ақ топырақтың бетін жуан нар қамысты жарып, сонымен қырып жинап, қашқан алып қайнатып, бетіне шыққан ақ көбікке жантастың күлін араластырып оқ-дәрі дайындайтын болған. Сондай тағы бір жаугершілік заманда Аққорған қаласы қалмақтардың қоршауында қалады. Үш қатар судан өтіп бікі дуалды қорғанға жетемін дегенше жаудың біраз сарбаздарын жайраттады. Күн ыстық, қалмақтар кешкі салқынмен соғысайық деп, өз-өздерімен келіседі де, қалың сексеуілді қолымен ала алады. Сол уақытты пайдаланып Төлек батырдың нұсқауымен Жақып батырды бір шанақ оқ-дәрімен қоса жиденің ұзын-ұзын қабығын дайындап, қорғаннан жіппен төмен түсіреді. Құпия жолмен судан өтіп, қалың сексеуілді паналап шанақтағы оқ-дәріні жиде қабығына себелеп от қояды да өз қашып келіп қорғанға кіреді. Алдына ала жиденің шайыры мен қабығын оқ-дәрімен араластырып дайындалған отты шарды, тасатқыш құралға салып атып, жаншып жатқан сексеуілдің арасынан жарылыс жасайды. Аяқ астынан үркін-сүргінге ұшыраған, аттарынан айырылып жауа қалған қалмақтарды Төлек бастаған сарбаздар қырғынға ұшыратады. Екінші жағынан Жақып батыр сарбаздары қалмақтармен соғысып, екі мыңға жуығын Сырдарияға тоғытып, аттарын, күш көліктерін олжаға алған. Қазір сол қанды қырғын болған жер Арасат құмы деп аталады. Осы батырлардың қатарында Ысқақ баб ұрпақтарынан шыққан Сақтық, Талқанды Өуез, Қалқанды Өуез, Жақып жайлы деректер өз айтылады. Төлек батыр бабамыз өлерінде «мені Үсеншайық пен Қарашайықтың қасына жерлендер, бабаға келген кісілер маған да құран оқысын» – деп өсиет еткен екен.

Набихан ШАЛАПОВ,
Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейінің меңгерушісі.

Сығанақ – Алтын орда төрі

Еліміздегі көне ірі қалалардың бірі – Сығанақ кезінде қазақ халқының басын құраған Ақорданың астанасы болған. Мәдениеті, сәулеті, саудасы мен қолөнері дамыған, 15 мұнаралы қорғаны болған қала Ұлы Жібек керуен жолының бойында.



Бүгінде Сығанақ қалашығы «ЮНЕСКО-ның алтын ала тізіміне және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы аясында республикамыздың «Жалпыұлттық қасиетті нысандар» тізіміне енген.

Жуырда облыстық тарихи-өлкетану музейінің «Өлке тарихы» ғылыми-зерттеу бөлімі Елбасының «Рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары және Жастар жылы аясында жас ұрпақты рухани мәдениетке тарту және тарихи-мәдени мұраны насихаттау мақсатында «Сығанақ – Алтын Орда төрі» тарихи-танымдық экспедициясын ұйымдастырды. Шараға «Рухани жаңғыру» орталығының қызметкерлері, «Жас Ұлан» ББЖ ұйымының мүшелері, тарихшылар мен музей қызметкерлері және БАҚ өкілдері қатысты.

Шарада сөз алған Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының экскурсоводы Бақдаулет Хайруллаұлы:

– «Сығанақ ескі дәуірде гүлденген қаланың бірі болған. Бұл шаһардың халқы да көп болғандықтан, қаланың базарында күн сайын 500 түйеге артылған тауар 500 түйе етінен жасалған кәуап, 1000 кой еті, 1500 сиыр еті сатылып кетіп отырған» деп жазған Әлке Марғұлан «Ежелгі жыр аңыздар» атты еңбегінде. Сығанақ – қыпшақ хандарының құрылтай өткізіп, ақылдасатын ордасына айналған. Ұлы Жібек керуен жолының бойында жатқан сәулетті де сәнді қала қыпшақ даласының қақпасы атанған. Қаншама жау шапқыншылығын көрсе де, дамып отырған. 1219 жылы Сығанақ қаласы моңғол шапқыншылығына ұшырайды. Халқы 7 күн бойы берілмей қарсыласып бағды. Бірақ күші басым Жошы қаланы басып алып, халқын қырып, жойып, құл-талқанды шығарды. XIII ғасырда Сығанақ қайтадан жанданады, көркейеді. Сыр бойындағы саяси және экономикалық орталыққа айналады. Жан-жақтан басып алушылардың аласапыраны

басынан өткізгендіктен, құлдырады. Дегенмен, кезінде мәдениеті өркендеп, өнері дамып, білім ордасына айналған, үлкен кітапханасы болған, ғұламалар шыққан. Мәселен, бұл қалашықта XII ғасырдың орта тұсында Хисамеддин Сығанаки дүниеге келген. Оның толық аты – Хусам ад Дин Әл Хусейн бин Әли ас Сығанаки. Мұнда Әли әкесінің аты болса, Сығанақ осы қаладан ескенін білдіреді. Кіші күмбез сарайда Әл Сығанаки жерленгендіктен, жергілікті жұрт оны әулие тұтып, басына құрбандық шалған, садаққа берген. Бергін келе ол әулиені Сунаката деп атап кеткен, – деп қалашық жайында кеңінен айтып берді.

Шара барысында «Жас Ұлан» ББЖ ұйымының мүшелері сала мамандарынан көптеген мәліметтер алып, өз ойларын ортаға салды. Оқушылардың тарихқа деген қызығушылығын байқаған тарихшылар да XI ғасырда Қыпшақ мемлекетінің саяси әрі мәдени орталығына айналғанын, тұрғындары суармалы егіншілікпен айналысқанын, ауыз су, жерасты құбырлары Сырдария өзенінен келіп тұрғанын айтты. Сондай-ақ, қалашық орнынан табылған жерасты құбырлары (лас суларды айдайтын) сол заманда өмір сүрген адамдардың өркендетке ұмтылғанын білдірді.

Республикалық маңызы бар, мемлекет қорғауына алынған тарихи-мәдени мұраға 2003 жылдан бастап Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Археология және этнология» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор С.Жолдасбаевтың жетекшілігімен ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. 2004 жылы қаланың шығыс қақпасының алдынан ғалым, ислам дінінің көрнекті өкілі Хисамидин (XIV ғ) салғызған мешіт-медресе табылып, 2005-2006 жылдары археологиялық қазба жұмыстары жасалды. 2007 жылы мешіт-медресе топырақтан тазартылып, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайта қалпына келтірілді.

С.ҮСЕНҚҰЛОВА,
облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының маманы.

Жақсы жанның жарығы

Қазақ «Ат аласы – сыртында, адам аласы – ішінде» деп, қанша жерден шегелен айтса да, жүрегінде иманы, сана-сында иланымы бар жақсы кісінің сынайы мен шырайын оның жылы жүзі мен жайдары жанарлары ынта-ықылас танытқан жанға бәрібір білдіріп қояды. Мұны біз өмірден әрдайым көріп-байқап та жүрміз.

1991 жылдың 5 қазаны күні еді. «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары болып істейтін кезім. Уақыт кешкіріп қалған. Кеңет кабинеттің есігі ақырын ашылып, ішке орта бойлы, қызыл шпайылы, жүзі жылы бір кісі кіріп келді. Мен орынман атып тұрып, алдынан шығып қарсы алдым. Қария өзінің Шиелі кентінен келіп тұрғанын, ертең ұлының жасы 40-қа толатынын, сондықтан газеттің осы нөміріне құттықтау бергісі келетінін айтты. Шыны керек, бұл уақытта басылмының беттелуі толық аяқталып, газет парақшалары редакторға келіп жататын. Сондықтан онда көбіне бос орын бола бермейтін. Мен сонда да, сонша жерден келіп отырған үлкен кісіге мүмкіндігінше көмектеспек болып, дереу корректорлар арқылы соңғы беттің вёрсткасын алдырттым. Қарасам, жоғарыдағы бірер материалды қысқартып, орындарын ауыстырып, жылжытса, 50-60 жолдық құттықтауды суретімен беруге болады екен. Сосын корректорға осылай етуге тапсырма беріп, ақсақалмен сөйлесе бастадым.

Таныса келгенде, оның Әбіш Дүйсенбаев есімді кісі екенін білдім. Ал құттықтамақ болған ұлы сол жылдары Қызылорда на онімдері комбинатында директор болып қызмет ететін Серік Дүйсенбаев екен. Бұл кісіні ол кезде сырттай ғана білуші едім.

«Ұлым» деп отырмын, бірақ ол жастайынан кемпір-шалдың қолында өсіп, сол кісілердің баласындай болып кетіп еді, – деді қария сол жерде шешіле сөйлеп. – Қазақ тәртіпін біз де алдыңғы бабаларды әке-шешеміздің қарауларына өткізгенбіз. Дәл үйімің жанынан інім Әтешке үй салып бергенмін. Әке-шешем сол інімің қолында тұрды. Ұлдың үлкені болған Серік келіншегі де сол шаңыраққа түсірді. Сол тәртіптен мен оны әлі «іні» деп білгенім, оның өзі де маған кейде «аға», кейде «Әбек» деп қарайды. Қазақтың өмір-тіршілігі салттың бұл да бір қызығы ғой...»

Ал Әбіш ағаның машинаға басып әкелген мәтіні тап-тұй-нақтай екен. Уақыт кешкіріп қалғандықтан, шұғыл қасиірді шақырып, қарияның тиісті төлемін алдырттып, құттықтауды нөмірге жібердім. Әбекен бұған қатты ризашылығын білдіріп, көдімгідей қуанып қалды. Сол шақта жүзінен иманы төлініп отырған оның жаны барынаша жомарт, жүрегі жұмсақ, біреудің ала жібін аттамайтын адал да таза адам екенін анғарма мүмкін емес еді.

Алғашқы әсер мен сезім бізді алдамапты. Бұдан кейін Шиеліге жол түскен кездерде бұл кісімен бірнеше рет кездесуіме жолығысып қалып, шүйіркелесе әңгімелесіп жүрдік. Әбекенмен дендеп сөйлесіп, тереңірек сыр бөліскен адам оның баяғы дала даналарының бір сынығы екенін анғара бастайды. Мен жастары әр алуан, орталары мүлде бөлек адамдардың өзінің жандарын бір-бірілеріне жақындастырып тұратын көзге көрінбейтін миллиондаған, миллиардтаған жіптердің болатынын жақында оқып-білдім. Қазір бізді де солай жақын ете түскен осы жан үйлесімділігі шығар деп ойлаймын. Ал кездесулер кезінде көбіне мен сол кісіні тыңдағанды жақсы көретінім. Оның айтқан кейбір нақыл сөздері әлі күнге дейін жадымда жаңғырып тұр. Мен, мысалы, соған дейін «Намысы бар жігіттің нар күші бар, намысы жоқ жігіттің қай күші бар?» деген нақылды естіп көрмеппін. «Жүзіңді алтын болғанын, жүзін жарқын болсын» дегенді де сол кісі айтты. Осының бәрі оның ата-баба аузымен жалғасып келе жатқан даналық мәйегіне қанық екенін білдірсе керек.

Осындай бақырат ұстанған Әбіш ағаның өмірлік жолы өз тұстарынан пәлендей өзгеше болған жоқ. Ол 1926 жылдың тамылжыған тамыз айы-



да Шиелі ауданындағы №22 разьезде теміржолшы болып істейтін Есдәулет деген қарапайым еңбек адамының отбасында дүниеге келеді. Біз «тамылжыған» деп әспеттеп келтіріп жатқанмен, ол бір заманның қиындау, жоқшылықтың жан-жақтан жұлмалап тұрған кезеңі-тін. Соның алдында ғана бұл өмірден ақ қашып, қызыл қуған қырғын мезгіл өтіп кеткен. Жұрт әлі жана биліктің ықпалы мен ықыласын толық көре қоймаған. Алайда, сол мезеттің өзінде мемлекет ішіндегі мемлекет секілді болып көрінетін темірдей қатты тәртібі бар темір жол бойында өзіндік бір өнегелі өмірдің өзегі өріліп жатыр еді. Әбіш соны бала жасынан көріп өтті. Темір жол тәртібін қатаң ұстап үйреніп қалған әкесі де зарығып көрген ұлының қарақұмын тартып есейгенше өмірден өз орнын таба алатындай халге жететін болуы үшін оның тәрбиесіне ұдайы көңіл бөліп отырды. Баласы бұдан жанамандық көрген жоқ, әкесіне қолжанат болатын жасөспірім жасқа жетер-жетпесте-ақ еңбекпен шыңдала бастады. Алдымен шойын жолдың шпалдарын алмастырып, рельстерін қарап тұруға дағды алды. Бұдан бөлек, үйдің тоқты-торымды күту де баланың мойнына артылып қойылды. Жыл сайын есік алдына түрлі бақшалық дақылдар егіп, оны күтіп тұру да оның бір міндетіне айналды. Осының баршасы бәрін білуге, көруге, көңілге түюге ынтық баланы жастайынан еңбек пен бейнетке шыңдап жетілдірді.

Сол жылдары төрт-бес үйлі шағын елді мекенде мектеп болған жоқ. Бала Әбіш ауылдан оншақты шақырым жердегі Шиелі қыстағына жаяу-жалпылап каттынап жүріп, жетіжылдық мектепті бітіріп шықты. Бірақ бұдан әрі оқуға әке-шешесінің қолдары жеткіліксіз, қаражаттың кемдігі мүмкіндік бермеді. Әйтпесе, кластағы жақсы оқыған шөкірттердің бірі болып еді. Мұны оның өз өмірден өтіп кеткенше біз де сынын бұзбаған жазу қолтаңбасы, яғни каллиграфиясы да анық байқататын-ды. Бұған бертінде біздің де көзіміз жеткен. Оқуға жағдайдың жоқтығын анғарып жүрген сезімтал ұран сол себепті жұмысқа ерте араласып, шау тарта бастаған екені Есдәулет пен анасы Тенекүлдің бір жақтарын көтерісіп жүруге бел буды. Сөйтіп, әлі көмектестік болмаған Әбіш буыны толық қатпай тұрып-ақ ер еңбектің өңесін көтеруге араласып кетті.

...Осылайша жасөспірімнің бейнет пен зейнеттің ара салмағын енді ғана ажырата бастаған шағында, 41-дің маусым айының 22-сі күні еліміздің батыс жағында соғыс өрті бүрк ете түсті. Бойында жамынды жегірі мен өршіл сезімі өркіппін тұрған бозбала әлі 15-ке де толмағанына қарамастан, әскер қатарына алынып жатқан ағаларымен бірге жедел майдан даласына аттанып кетпекке әрекет жасап көрді. Бірақ әскери комиссариаттағы сардарлар мұның сөзін жүре тындап, маңайларына жолатпады. Бақса, бұл шынында да тылдағы толассыз еңбек майданына керек екен. Себебі, ал-

ғашқы айлардан Қызыл Армия сапына шақырылып, жұмыстан кеткен ағаларының орындарын басытын толқынның құрамы тым селдір болып шықты. Енді бұрынғы бұрынғы мен жұмыстың салмағы мен нормасы еселеп артып кетті. Осы жылдары Әбіштің араласпаған саласы қалмады. Бір кездері колхоздардағы егістік алқаптарды егінге дайындауға да, ол піскесін астық орауға да, ақыр соңында аудан орталығындағы элеваторға дән тасуға да қатысты. Бір кездері әкесіне ілесіп, шойын жолдың ауыр балғаларымен рельстер бойын шарлап кеткен кездері де кезікті.

Сөйтіп жүргенінде, күндердің күнінде, 1944 жылдың басында жасы 18-ге толық толмай тұрып, әскерге алынып, майдан даласына аттанды. Бұл соғыстың соңғы жылдары болып саналғанымен, жаумен шайқастың әлі де қай жағына қарай жығылары белгісіздеу болып тұрған алмағайып уақыт еді. Осы жылдың қаңтар айына қарай герман әскерлері әлі Эстонияны, Латвияны, Литваны, Карелияны, Белоруссияның бір бөлігін, Украинаны басып алу-ды жалғастырып жатқан. Сол уақта Ленинград және Калинин облыстарының айтарлықтай аумақтары, Қырым түбегі мен Молдавия жері жаудың қолында болатын. Бірақ 1943 жылдың желтоқсаны мен 1944 жылдың сәуірі аралығында кеңес әскерлері Украинаны оң жағалында қауырты шабуылдарды бастап кетті. Жағдайдың қиындағы мен уақыттың тығыздығына, сондай-ақ жауынгерлер қатарының жетіспеушілігіне орай бұрынғыдай дайындық курсынан өтіп алуға мүршалары келтірілмеген жана сарбаздар бірден қанды қасапқа апарып салынды. Әбіш аға түскен полк сол пәтінде алдымен украин жеріндегі Житомир-Бердичев операциясына қатысты. Бұдан кейін олар Кировград, Корсунь-Шевченко операциясында атойлап жүрді. Мұның артыныша Ровно-Луцк бағытындағы ұрыс қимылдарының ортасынан табылды. Ақырында Карпат тауларының етегімен өрлей жүріп келіп, Румыния территориясына қарай өтті. Осы шайқастардың бөрінде де бойына бір сызат түсіріп көрмеген Әбіш 1945 жылдың ерте көктемінде Чехия аумағында тұрған кездерінде орын алған кезекті операция барысында оң аяғының тобығынан қатты жараланады. Оған жасалған ота өте күрделі жағдайда өтті. Бастапқыда әскери хирургтар тіпті аяқты тобық тұсынан кесіп тастауды да ойластырған екен. Бірақ тангенаның жоқ екеніне көздері жеткенсің, бұл ойларын айныпты. Ал аяқтан тап берген осы жақарат оны елге оралуға да мәжбүр етеді. Өйткені, отадан келіп жас жауынгер аяғын баса алай қалады.

Шиеліге оралғаннан кейін Әбіш аға біртіндеп қалпына келеді. Мұнда да біраз уақыт аяғын емдеп жүріп алады. Сөйтіп, оны ақырында жауынгер алғасын, ендігі қызметін аудандық сотта жалғастырады. Бұған оның қолтаңбасының тасқа басылғандай түзу, жазуы маржандай тізілген сұлу болғаны себепкерлік еткен сияқты. Жас маман сотта бірнеше жыл қызмет еткеннен кейін 1950 жылы арнайы жолдамасымен Алматыдағы заңгерлер курсына түсіп, оны 1952 жылғы ұздік бітіріп шығады. Бірақ білім алуын одан әрі жоғары оқу орнында жалғастыруға мүмкіндігі болмайды. Бұл оның үйленіп, үш балалы болып қалған кезі еді, оның үстіне, жастары ұлғайып қалған ата-анасына да қарайлауына тура келеді.

Өзінің ұрпақтарының ешкімнен кем қылмай өсіру жолында Әбіш аға қандай бір жұмыстан да бас тартпайды. Екі жылдық курсының қауқары қаша бастағанын сезгенсің, ол 1963 жылы аудандық жол құрылысы мекемесіне аға прораб болып кетеді. Жастайынан істің көзін, шаруаның ығытын жақсы білетін болып өскен ол мұнда да тындырымды істерімен әріптестерінің көңілінен шығады. Қайда да өзінің адалдығымен, тазалығымен көзге түсіп жүрген ол 1968 жылы «Казсельхозтехника» шаруашылық бірлестігіне қойма меңгерушілігіне шақырылады. Бүкіл аудан колхоз-совхоздарына ауыл шаруашылығы техникаларын тарататын мекеменің бұл саласы аса маңызды буынның бірі еді. – Әбекең ағамыз өте ыңышыл, тура, таза, адал кісі еді, – дейді сол кезде бірлестікті басқарған Қиқбай Исмайлов осы күндері. – Ол тұрғанда мекеменің бір затына қылау тейімдігіне өте сенімді болдық. Шыны керек, мұндай адамдар сол заманның өзінде өте сиректің.

Жұмысында осындай зор абыройға ие болған Әбекең 1979 жылы аудандағы ең үлкен мекеменің бірі – астық тарату базасына жұмысқа ауысады. Мұнда 1986 жылы зейнетке шыққанға дейін табына жүретін 9 жыл қызмет атқарды. Абзал адамның мұнда атқарған жұмыстарына сол жылдары мекемені басқарған Қадыр Ибраһимов пен Сайлау Мұсабеков өте жоғары баға беріп отыр.

Ежелгі грек ойшылы Сократ «Баланың өзін калай қарауын қаласаң, ата-анаң да солай қара» деген екен. Әрине, сол кезде Әбіш ағамыздың антика дәуірі данышпаны айтқан бұл өсиеттен хабары болған жоқ, бірақ дала кеменгерлерінің даналық сөздерін бала жасынан санасына сіңіріп өскен алғыр бала өмірде тап осы ұстанымды ұстады. Өуелі көрші ауылдың өзінде екі жас кіші Күлшекер Біршікызы есімді бойжеткенімен сөзі жарасып, оны әке-шеше шаңырағына келіп етіп түсірді. Екеуінен Рысалды, Алма, Амангүл, Дәмегүл, Сәуле, Зауре есімді 6 қыз, Серік, Ерболат, Ерлан атты 3 ұл тарайды. Өзіндік тәрбие мектебіне айналған Әбекең осы ұл-қыздарының бәрине жоғарыдай үйдісіпен тәлім берді. Кіндігінен өрбіген 9 перзентіне де жоғары білім әперді. Олардың бәрлығы дерлік бүгінде қоғамда өз орындарын тапқан, барлығы ұлдарын уяға, қыздарын қияға қондырып, немере сүйіп отыр. Тек 1965 жылы тұңғышы Ресалдының кенеттен ағаш тырнағына іліккені жандарын қауасатып кетіп еді. Ал бертінде төртінші қызы Дәмегүл де өмірден өтіп кетті. Бірақ екеуінің де арттарында ұрпақ қалды. Бертінде 1987 жылдың тамызы айында құдай қосқан қосағы Күлшекер 59 жасында бақылы болды. Бұдан кейін тағы 15 жыл өмір сүрген Әбіш ағамыз 2002 жылдың ақпанында мәңгілік мекенін тапты.

Міне, содан бері де 17 жыл уақыт өте шығыпты. Осы ретте жақсы жақтарымен жұрттың сүйсінетін алдына, айтулы азаматына айналған Ұлы Отан соғысына қатысушы, екінші дәрежелі «Дан» орденінің иегері Әбіш Есдәулетұлының есімін енді есте қалдыратын шаралар жасалатын мезгіл де жеткен сияқты. Белгілі сөз сергегі Максим Горькийдің «Өмірдегі ең жоғары қуаныш – өзінің өзгелерге қажет және пайдалы екенін білу» дегені бар. Біздің бүгінгі кейіпкеріміз Әбіш аға бүкіл санатта өмірі бойына тура осы санааттағы салауатты адам болды. Себебі, ол тек ата мен ананың тәлім-тәрбиесін, бұрынғы өткен ғұламалар мен ақылман ақсақалдардың айтып кеткен өсиетке бергісіз өнегелі сөздерін бойына сіңіріп қана қол салмай, соларды күнделікті тіршілік тінде әрдайым қолданып бағатын зерек те зерделі кісі еді. Ол өз заманына лайықты өмір сүрді. Ол сол замандағы рухы мықты, жаны жайсаң адамдардың типтік образы іспеттес тұлға болатын. Халқымыз «Жақсы жанның жарығы алысқа түседі» дейді. Бұл шынында солай екен. Мұны Әбіш ағаның өмірде жүріп өткен жолдары, артында қалған жақсы істері мен өзінің тәрбиесіне сай тәлімді болып өскен ұлағатты ұрпақтары толық айғақтап береді.

Серік ПИРНАЗАР,
Шиелі ауданы.

Алаш қайраткері Смағұл Сәдуақасов «...Бар қазақ Сарыарқаға жиналса, қазақ елі енді жарты ғасырдан соң Жапониямен теңдесе, осы қазақтың байтақ даласында шаһарлар орнаса, зауыт-фабрикалар салынса...» деп бүкіл арман-тілегін ақ қағаз бетіне түсірген болатын. Қазақ баласының осы сатыларға тек білім мен күш-жігер салу арқылы жететінін данышпандықпен саралап өткен.

Жосалы механикалық зауыты



1939 жылы 15 маусымда КСРО Түрлі-түсті металлургия халықтық комитетінің №301 бұйрығымен Жосалы авто жөндеу шеберханасы негізінде тау бұрғылау құрылғылары Жосалы механикалық зауыты деп қайта құрылды. Облыстағы бұрынғы өндіріс ошақтарының бірі болған Жосалы механикалық зауыты құрылысы 1930 жылдардан бастау алған. Сол жылдарда Орталық Қазақстанда Қарсақпай мен Жезқазған кен орындарын игеру кен көлемде өрістеліп, өндіріс мыс рудаларын теміржолға тасымалдауға арналған құрамында негізін «АМР» маркалы 350 автомашинасы бар автобазға ұйымдастырылды. Автобаз 1939 жылы «Қарағанды-Жезқазған» теміржолы пайдалануға берілгенге дейін негізгі тасымалдаушы мекеме болған. Сол жылы бұрынғы автобаздың жөндеу шеберханалары базасында Түрлі-түсті металлургия комиссариатына қарасты механикалық зауыт құрылды. Алғашқы кезде қалмақ мәселесінде қиындықтар туындап, мамандарды қайта даярлау талап етілді.

Зауыт Қармақшы ауданы, Жосалы станциясында орналасқан. Алғашқы жылдары зауытта кәсіптік білім бағдарын нығайту мақсатында 100 адамды қамтитын ФЗУ ашылып, 30 тобында оқытып шығарған. 1940 жылдың 1-тоқсанынан бастап, К-300, К-500 бұрғылау станоктарының өндірісі басталды. «Түрлі-түсті металлургия бақылау» тресі комиссиясының 1939 жылдың қорытындысымен зауыт жұмысына «қанаттанарлық» деген баға берілген.

Өндірістің мақсаты машина жасау саласына, металл өңдеу кәсіпорнына негізделген. Алғаш ашылған жылдары өндірістік, көмекші бағыт бойынша 2 цех жұмыс жасаған. Олар өндірістік, металл құю, механикалық және де токар-фрезерлік, слесарь-құрастырушы, темір ұстаханасы секілді бөлімдерден тұрған. Көмеңші бағыты бойынша электростанция, бу қазандық, коммуналық шаруашылық бөлімі жұмыс істейді. Шығаратын негізгі өнімі – 1940 жылдың III-IV тоқсанында толық итерілген КА-300 бұрғылау қондырғылары, КА-300, КА-500 атты бұрғылау қондырғыларының қосалқы бөлшектерін, осы қондырғылардың құрал-жабдықтары мен керек-жарақтарын, пеш плиталарын, генератор өндірген. 1941 жылы 30 стахановшы, 30 екінің жұмыс істеді. Стахановшылар қатарында жергілікті жердің жұмысшылары болды.

1940 жылы зауыт автомашина жөндеуі арнайы станок құрылғылармен жабдықталған еді. «Мәзр-Шмит» атты тегістегіш, токарлық станоктар болғандықтан, «Аралгосрыбтрест» қыста балық таситын көліктерін жөндеуге көмек сұраған. 1939 жылдың қазан айынан зауыт шойын құюды толықтай игерген. 1941 жылы Қазақстан облыс шеңберіне партиясы Орталық комитетінің хатшысы Абақов пен зауыт басшысы Голиков кездесіп, зауыт аумағына 500 станок қабылдауға, 1000 кВт электр энергиясын жүргізуге келісімді. Эвакуацияланған зауыттарды қабылдауға келісім білдірген хат облыстық мемлекеттік архивтің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы қорында сақтаулы.

1942 жылғы КСРО Қорғаныс комитетінің қаулысымен соғыс үшін 82 миллиметрлік мишалар шығара бастады, майданға оқ-дәрі дайындалды. Жұмысшылар

социалистік жарыстарға қатысып, еңбек озаттары қатары көбейді. Зауыт басшылары жайлы мәлімет облыстық партия комитетінің жеке іс құжаттарында жазулы тұр. Л.Штыков 1939-1940, В.Голиков 1940-1942, И.Хромых 1942-1944, И.Кузьмин 1951-1952, П.Бородай 1952-1953, В.Шматов 1953-1961, А.Пушкар 1961-1967, М.Кобшыв 1967-1976, Ә.Көсеов 1976-1987, А.Қанатбаев 1987-1992, Б.Нақыпов 1996-1999 жылдары басқарған.

«Эмальштамп» эмаль-штамп (мортабан) зауыты Орынбор теміржолының бойындағы Жосалы теміржолына орналасқан. Зауытта 4 эвакуацияланған кәсіпорын біріккен. Олар – Харьков эмаль зауыты, Мәскеу штамптық-механикалық зауыты, Харьков шамдарды қалпына келтіру фабрикасы, Харьков майлау фабрикасы (апатқа қарсы, қақпан тазарту құралы). 1941 жылы қараша айынан бастап аталған кәсіпорындардың құрылғылары мен зауыт жұмысшылары Жосалы станциясына жеткізіліп, бір басылуға бағынды.

Алғаш эвакуацияланған өнеркәсіптердің негізгі құрал-жабдықтары Жосалы станциясы депосының бөлімшелеріне келіп орналастырылды. Қажетті үй-жай сыйымдылығы 9000 шаршы метр болған. Біржақ гимарат арнайы салынып бағандықтан жұмыста қиындықтар туындаған. Өндірген құралдар орналасқан дөпе бөлмесінде жолдар басқармасына қарасты паровоздарды жуу және жөндеу бөлімі жұмыс істеп тұрды. Вагондарды жуу кезінде гимаратта су пайдаланып, эмальмен қапталған құралдар тоттанып, 300 дана құрылғы қайта жөндеуге жіберілген. Зауыт Жосалыға 1941 жылдың 28 қарашасында толық көшіп келгенін айғақтайтын құжат архив қорында. Зауыт құрамындағы Харьков эмаль зауыт құрал-жабдықтары – қайшы-пресс, түрлі станоктар, электрлі-балқыту аппараты (6-8 квт) болды. Эвакуацияға дейін бұл өндірісте яғни, Харьков эмаль зауытында 92 адам, Мәскеу штамп механикалық зауытында 88 адам, Харьков фабрикасында 47, Харьков майлау фабрикасында 4 адам қызмет еткен. Зауыт-фабрикалармен бірге келген жұмысшылар Жосалы станциясы теміржол бойындағы үйлерге орналастырылған. Эвакуациядан соң зауыт 130 адамды жұмыспен қамтып, жұмысшы 98, инженер-техник жұмысшы 18, қызметкер 10, МОП 4 адаммен құрайтын үлкен өндіріс орнына айналған.

Тұрғылықты халықты да жұмыспен қамтып, социалистік жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткенін архив деректерінен біліп отырмыз. 1941 жылдың 19-29 қазан аралығында Архангельск халықтық жол комитеті орнатылған облыстың негізінде Мәскеуден «Реммашпути» зауыты эвакуацияланған. Бірінші эшеңдері 57 дана станокпен бірге 1941 жылдың 26 қарашасында Жосалы станциясына келді. Облыстық партия комитетінің қорындағы 1942 жылғы 19 наурыздағы мәліметтерде де Жосалы темір жолына орналасқан эвакуациядағы «Эмальштамп» зауыттың тарихын жастардың санасында жаңғырту, еліміздің тарихын терең зерделеуге бағытталды.

Облыстық әділет департаментінің 2004 жылдың 21 сәуіріндегі бұйрығымен «Жосалы механикалық зауыты» ашық акционерлік қоғамы таратылған. Жосалы механикалық зауыты жайлы кейбір мәліметтер облыстық мемлекеттік архивінде, Қармақшы аудандық филиал қорларынан, сурет құжаттар Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінен жинақталды.

Бүкілқоғамдық маңызы жоғары, соғыс уақытында арнайы тапсырмамен оқ-дәрілер, мишалар жасап, сызба арқылы соғысқа қажетті қару-жарақтардың бөлшектерін жасаған, шойын құюмен, тіпті елді мекендердегі электрстанциялар жүргізу, соғыс уақытында эвакуацияланған ыдыс-аяқ шығаратын цехы бар «Эмальштамп» зауытымен қосылып, тәуелсіздік алған жылдарда да өнеркәсіпті дамытқан бірден-бір мықты зауыттың тарихын жастардың санасында жаңғырту, еліміздің тарихын терең зерделеуге бағытталды.

Жосалы механикалық зауыты бастауыш партия ұйымының құжаттарындағы мәлімет бойынша 1978 жылдың қорытындысымен Қазақстан Коммунистік партиясы облыстық комитетінің естелік дипломымен, облыстық атқару комитетінің, Қазақстан Лениндік Жастар

Одағы облыстық комитетінің дипломдарымен марапатталған. 1978 жылдың қараша айында «Ауыспалы Қызыл Ту» жеңіп алған.

1980 жылдары тұрғындарды сумен, жылумен, газбен қамтамасыз етіп отырған. Сумен жабдықтау құрылысын 1980 жылы ПМК-1602 «Қзыл-Орда-сельстрой» тресімен бірлесіп орындаған. Өндірген ФКО фильртің (сүзгіш) әлемнің 9 мемлекеті патенттеген. Соның ішінде АҚШ-пен, Германиямен тығыз байланыс орнатқан бірден-бір қуатты өндіріс орны. Елімізге экономикалық пайда әкелген, Одақ бойынша танымал зауытқа айналған. 1985 жылы ФКО типтегі сүзгіштің барлық түрі бойынша мемлекеттік аттестациялық комиссияның шешімімен «Сапа белгісі» қалпына келтіру фабрикасы, Харьков майлау фабрикасы (апатқа қарсы, қақпан тазарту құралы). 1941 жылы қараша айынан бастап аталған кәсіпорындардың құрылғылары мен зауыт жұмысшылары Жосалы станциясына жеткізіліп, бір басылуға бағынды.

1989 жылдың 3 шілдесінде Жосалы механикалық зауыттың бастауыш партия ұйымының жиналыс хаттамасында Жосалы автобазасының алғашқы басшыларының бірі, жүргізушілердің кәсіподақ комитетінің төрағасы болған, Ұлы Отан соғысының ардагері Басқынбай Қайырбековтың есімін қыстақ көшелеріне беру туралы айтылған. 1990 жылдары КО-206А қар тиегіш машинасын жасап шығаруды жоспарлаған. Зауыттың құрылуы, тіпті ұзақ жылдар халыққа қызмет етуі, Ұлы Отан соғысы жылдарында Одақ бойынша күшті өндіріс орнына айналуы – облыс тарихының бір парағы.

1992 жылғы 5 наурызда Басқынбай Қайырбековтің атына қоше беру туралы Қармақшы ауданы әкімінің шешімі шыққан. Облыстық мемлекеттік архивінде 1993 жылы мемлекеттік мүлік жөніндегі аумақтық комитетінің Жосалы механикалық зауытын «Жайлау» мемлекеттік акционерлік компаниясының құрамындағы акционерлік қоғамға айналдыру туралы шешімі сақтаулы. Механикалық зауыт ер кезеңінің ағымына қарай тіршілік-тынысы өзгертіп отырған.

Облыстық әділет департаментінің 2004 жылдың 21 сәуіріндегі бұйрығымен «Жосалы механикалық зауыты» ашық акционерлік қоғамы таратылған. Жосалы механикалық зауыты жайлы кейбір мәліметтер облыстық мемлекеттік архивінде, Қармақшы аудандық филиал қорларынан, сурет құжаттар Қармақшы аудандық тарихи-өлкетану музейінен жинақталды.

Бүкілқоғамдық маңызы жоғары, соғыс уақытында арнайы тапсырмамен оқ-дәрілер, мишалар жасап, сызба арқылы соғысқа қажетті қару-жарақтардың бөлшектерін жасаған, шойын құюмен, тіпті елді мекендердегі электрстанциялар жүргізу, соғыс уақытында эвакуацияланған ыдыс-аяқ шығаратын цехы бар «Эмальштамп» зауытымен қосылып, тәуелсіздік алған жылдарда да өнеркәсіпті дамытқан бірден-бір мықты зауыттың тарихын жастардың санасында жаңғырту, еліміздің тарихын терең зерделеуге бағытталды.

Дана КАЛТАЕВА,
облыстық мемлекеттік архиві қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалының бөлім басшысы.



Зейнетақыңызды дер кезінде рәсімдеңіз

2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап әйелдердің зейнетке шығу жасы кезең-кеземен ұлғайтыла бастады. Осылайша ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақпен қамсыздандыру туралы» Заңына сәйкес әйелдердің зейнетке шығу жасы 2027 жылға дейін 63 жасқа жеткенше жылғына 6 айға ұзартылып отырады. Яғни, бұл 10 жыл уақытты қамтиды деген сөз. Дәйірғанамен Қордан берілетін зейнетақы төлемдеріне қатысты болашақ зейнеткерлер арасында әлі де болса түсініспеушіліктер бар.

Мемлекеттік бюджеттен берілетін базалық және ортақ зейнетақы мен Бірыңғай жиһаттағы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдері зейнет жасына толған азаматтар (ерлерге 63 жасқа толғанда, әйелдерге биыл 2019 жылдың 31 желтоқсанына дейін 59 жасқа толғанда) төленеді. 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап әйелдер зейнеткерлікке 59,5 жасқа шығатын болады. Зейнетақы төлемдері алушы өтініш берген күнінен бастап тағайындалады. Өтінішті туған күнге 10 күн калғанда беруге болады. 2018 жылдың қазан айына дейін зейнет жасына толған азаматтар мемлекеттік бюджеттен берілетін базалық және ортақ зейнетақы рәсімдеу үшін «Азаматтарға арналған

Әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау:
 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап - 58,5 жасқа толғанда;
 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59 жасқа толғанда;
 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап - 59,5 жасқа толғанда;
 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60 жасқа толғанда;
 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап - 60,5 жасқа толғанда;
 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61 жасқа толғанда;
 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап - 61,5 жасқа толғанда;
 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62 жасқа толғанда;
 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап - 62,5 жасқа толғанда;
 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 63 жасқа толғанда жүргізіледі.

қызмет көрсету орталығына тапсырады. Бұл ретте алушы жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін және салыстыру үшін тәуірқасын, сондай-ақ банк шоты туралы мәлімет ұсынады. Әрі қарай жиһаттағы зейнетақы төлемдері мәліметін банк шотына бір мезгілде аударылып отырады. Атап оту керек, егер биыл зейнеткерлік жасқа толған әйел (59 жас) жасына байланысты зейнетақы төлемдерін осы жылдың 31 желтоқсанына дейін рәсімдеу үлгермей, 2020 жылдың қаңтарында келіп өтініш жасайтын болса, онда ҚР «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру

туралы» Заңының 11-бабының 1 тармағына сәйкес ол алдағы жылғы зейнетақы төлемдерін тек 59,5 жасқа толғанда ғана рәсімдей алады. Сондықтан егер Сіз зейнеткерлік жасқа биылғы жылдың 31 желтоқсанында толатын болсаңыз, онда 10 күн калғанда, яғни 21-31 желтоқсан аралығында Халыққа қызмет көрсету орталығына барып, өтініш беріп үлгеруіңіз қажет. Өйтпеген жағдайда, зейнетақы төлемдерін рәсімдеу үшін тағы 6 ай күтуге тура келеді.Себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей, әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасы жыл сайын 6 айға ұзартылып отырады.

Бибігүл ӨТЕСБАЕВА.

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру туралы

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдесіндегі Заңының 24-бабының 1-тармағына, «Республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құруға және кеңейтуге арналған жер учаскелерін резервте қалдыру ересінен бастап туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 29 қыркүйектегі №493 қаулысына және Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелерін резервте қалдыру туралы тексеріс нәтижелерінің 2019 жылғы 18 маусымдағы №1 актісіне сәйкес Қызылорда облысының әкімі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
 1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің шекарасы, олардың орналасу схемасы мен экспликациясы анықталсын.
 2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің пайдалану құқығына шектеулер (ауыртпалықтар) белгіленсін.
 3. «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі, «Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) және Қармақын, Жалаған, Сырдария, Шиең, Жаңақорған аудандарының әкімдері заманауи белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.
 4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Б.Б.Намеева жүктелсін.
 5. Осы қаулы алғашқы ретін жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **К. Ысмақов.**
 «КЕЛІСІЛДІ»
 «Қазақстан Республикасы Экология, Геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы **Г. Орақбаев.**

2019 жылғы «...» Қызылорда облысы әкімдігінің №... қаулысына 1-қосымша

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің шекарасы, олардың орналасу схемасы мен экспликациясы

Резервте қалдырылатын жер учаскелерінің шекарасы

№	Орналасқан жері	Жалпы көлемі, гектар	Координаттары		43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			Ендік	Бойлық					
1.	Қармақын ауданы	485790.0	44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 46' 33,2713" S	63° 41' 57,6124" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			2.	Жалаған ауданы	353125,52	44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
44° 21' 25,6749" S	63° 46' 31,4911" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
3.	Сырдария ауданы	305837,12				44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N
						44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N
						44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			44° 24' 6,8231" S	65° 3' 13,4336" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N			
			4.	Шиең ауданы	235568,85	42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N
						42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N
						42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E	66° 46' 14,0975" N
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			
42° 39' 12,4815" S	66° 11' 40,2172" E	43° 25' 24,8716" E				66° 46' 14,0975" N			

Резервте қалдырылатын жер учаскелерінің орналасу схемасы



Резервте қалдырылатын жер учаскелерінің экспликациясы

№	Аудандардың атаулары	Жалпы көлемі, гектар	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер		Жер санаттары		Орман қорының жері	Су қорының жері	Босалық жері	Мал өткізгі
			1	2	3	4				
1	Қармақын ауданы	485790								
2	Жалаған ауданы	353125,52								
3	Сырдария ауданы	305837,12								
4	Шиең ауданы	235568,85								
Барлығы:		2073484,2								

Ескертпе: Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін жер учаскелері 10 жыл мерзімге резервте қалдырылады.

2019 жылғы «...» Қызылорда облысы әкімдігінің №... қаулысына 2-қосымша

Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінің пайдалану құқығына шектеулер (ауыртпалықтар)

1. Республикалық маңызы бар Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік қорық аймағын кеңейту үшін резервте қалдырылатын жер учаскелерінде:
 - 1) жана елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;
 - 2) мемлекеттік табиғи қорықтар экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жоюлауға, саулау және пайдалануға, жана технологиялар енгізуге;
 - 3) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін зәріл ауы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсификациясын енгізуге;
 - 4) атмосфералық және ашық су көздері мен рельефке ластанушы заттар шығаруға және сарқинады суларды төтуге, қалдықтарды орнадастыруға;
 - 5) пайдалы қазбалар өндіруге;
 - 6) ауесқойлық (спорттық) және кешінілік аң аулауға;
 - 7) радиоактивті

Қос басылымның 90 жылдығы тойланады



2019 жылдың 28 қарашасы күні облыстық «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінің 90 жылдығы ата-лып өтіледі.

Мерейтой шарасы осы күні азанғы сағат 9.00-де А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде фототілшілер – Б.Омаралиев, И.Титенок, Н.Нуржаубайдың еңбектерінен жасалған

фотокөрмені тамашалаудан басталады.

Сағат 10.00-де «Заманауи медиа кеңістіктегі аймақтық баспасөздің маңызы мен ролі» деп аталатын ғылыми-тәжірибелік конференция болады. Оған елімізге белгілі ғалымдар мен журналистика саласының мамандары қатысып, баяндама жасайды.

Сағат 11.30-да «Атыңнан айналайын, Атамекен!» атты облыстық ақындар мүшәйрасы басталады. Мүшәйрада аймағымызға танылған ақындар өлең оқып, жеміпз жырларға сый-сияпат көрсетіледі.

Жан серігіңіз болып, рухани қуат сыйлаған баспасөз тойына келіп, барша жұрттың қуанышын бөлсүңізге болады.

Әрбір келушіге есік ашық.

Ұйымдастыру алқасы.

«Мені өледі деген сөздер – ертегі...»

Әділ Ботпановтың шығармашылығына арналған кеш



Қызылорда қаласындағы А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде 2019 жылдың 29 қарашасы күні сағат 10.00-де тағдырлы ақын Әділ Ботпановтың 50 жасқа толуына орай және ақын шығармашылығын насихаттауға арналған «Мені өледі деген сөздер – ертегі...» атты жыр кеші өтеді.

Жыр кешінде Қызылорда қалалық Жастар театрының композициясы тамашаланып, ақын өлеңдері оқылады. Белгілі эстрада әншілері ақын сөзіне жазылған әндерді орындайды.

Жас ақындардың республикалық жыр мүшәйрасы өткізіледі.

Жыр кешінде Ә.Ботпановтың өмірдегі, өлеңдегі үзегілес достары, елімізге есімі танымал қаламгерлер естеліктер айтады.

Қасиетті қара өлең нәрімен сусындаймын деген барша талғамды тыңдарманға есік ашық.

«Қызылорда қаламгерлер қауымдастығы» ҚБ мен Қызылорда қалалық тілдерді дамыту және мәдениет бөлімі. Ақпараттық демеуші – «Сыр медиа» ЖШС.

ОЙТҮРТКІ

Гаджет және кітап оқудың кереметі

Қазіргі заман компьютер заманы, қызметкердің қолында – ноутбук, планшет, оқушының қалтасында – смартфон, ұялы телефон. Бір сөзбен айтқанда электронды және мобильдік құрылғыларсыз күніміз қараң. Қағазға біраден түрткі алу мен кітаптың бетін тәрс жауып тастағанбыз.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ.

Жарайды, біз пойыздан өткізе секіріп мін деген артка тартушылықтан аулақпыз. Бірақ, «өткенін өшірген қоғам өршелене алға ұмтылумен апатқа ұрынады». Бұл сөз менің да- нышпандығым емес, басы қазандай оқымыстылардың айтқаны.

Біздің айтпағымыз бұл мәселеге тереңдеп еңуден саяздау, кітап оқудың қалып бара жатқаны. Кітапханалардың есебіне қарасақ, қорында пәленбай жүз мың кітап бар деген дерекке кезігеміз. Олар келушісін табалдырығын аттағаннан өзіне баурап, көздің жауын алатын кітапхананың жаңа интерьері мен декорациясы туралы мақтанып әлек. Ал, шын мәнінде кітапханаға барағындардың саны шектеулі және тұрақты адамдар ғана. Олардың көбі оқытушысының зорлығымен баратын студенттер мен орта буыннан асқан шамалы ғана оқырман. Олардың да біразының «каталогта» аты ғана бар, ал, өздері кітап оқымайтындар.

Жастардың шамамен жүзден тоқсан бес бөлігі тек ұялы телефон арқылы әлеуметтік желілер мен сайттарды пайдаланады. Олардың да көбі өзара байланысты «ватсаптың» белсенділері, сосын инстаграмнан ақ- қауңт ашқандар. Ал, асыл кітаптар сықа толған сөздерде шаң басып жатыр. Ақынның Мұқағали Мұқатаевтың «Шан басқан архивтерден табылармыз» деп көрегендікпен айтылған сөзін енді ұға бастағандаймыз.

Кітап оқымаудың қасиеті қандай болатыны туралы ғалымдар дабыл қақты. Осыған орай кітапханашылар оқылмды нұсқаға көшіре бастады. Бірақ, бұл әрекет те бізді «азушылықтан» арылта алмайды. Себебі компьютер не смартфон көздің көруін нашарлатады, беломыртқаның қисаюына әкеліп соғады, жүйкеге салмақ салады, адам бойын әлсіздік билеп, ашуланшақ, ұйқышыл болады. Балаңыздың тал түске дейін ұйықтауы әдеті еске түсіп отыр ма, міне, соның ең басты себебі – компьютер. Бұл құрылғының ермегіне айналған баланың өзгеше өз әлемі қалыпта- сады, өзгелермен арақаты- насын үзеді. Ойындарды былай қойғанда, компью- тердің «Яндекс» желісіндегі көз сүрінетін «қоз зинасы» қайда қоясыз? Балаңыздың



сол бейнелердің қызығына батып отырмағанын қайдан білесіз? Өйткені бала ұялы телефонын тығылып тама- шалайды, оған назар аудар- саңыз, қуыстанып қалады. Осындай жағдайды кездес- тіріп жүрген жоксыз ба?

Ал, кітап оқыған бала өте ақылды, сабырлы және айтқаныңызға құрақ ұшып тұратын елгезек келеді. Еш- кімен бұғып, тығылып, жасқаншақтамайды.

«Білім – кітапта. Қазір- гі таңда балалардың көбісі компьютерде отырады. Сон- дықтан, болашақта кітап оқығандар компьютерде отырғандарды басқарады» – деген Елбасы сөзі еске түседі. Осы сөздің шың- дығына жететін заман алыс емес. Менің замандастарым оған әлі «ел жанаратын елу жыл керек» – дейді. Мен мұнымен келісе алмаймын. Кітап оқығандардың күні туатын кез әне-міне келеді. Өйткені оқыған жастар оның пайдасын тез түсінеді.

Реті келіп қалғанда сол кітап оқудың пайдасы тура- лы айтпайқшы.

Қазір кітап оқудың руха- ны жетілуге ғана емес, тән саулығына да керемет пай- далы екендігі дәлелденіп отыр.

Медицина ілімінде үлкен мидың жұмысы бүкіл дене организмдеріне тікелей әсер етеді делінген. Сол үшін де биология саласын- да «үздіксіз қозғалыстағы клетка жасарып отырады» дейтін көзқарас бар.

Жақында ғалымдар кітап оқу, сурет, музыка, жазу- шылық секілді ақыл-ой еңбегімен шұғылданатын адамдардың жүйке-жүйе- сінің басқа адамдардан әлдеқайда тез дамитаыны және қартайған кезде де жүйке-жүйенің шаршауы, әлсіреуі және үлкен ми- дың қартаюуы болмайтынын дәлелдеді.

Қан тамырдың, өкпе,

жүрек және басқа да ағ- залардың саулықта болуы үшін дене әрекетінің маңы- зы бірінші орында тұраты- ны белгілі. Бірақ, барлық дене мүшесіне әсер ететін үлкен миды жаттықтырудың ең тамаша тәсілі – кітап оқу. Кітап оқу – жүйке жүйесін

шынықтыру, дене-бітімді күшейту, әртүрлі аурулар- дың алдын алуда тамаша маңызға ие. Адамның ішкі құрылысында кезітетін бар- лық аурулар психология- мен тікелей байланысты. Көңіл-күйдің түсіңкі бо- луы, үлкен мидың шарша- уы секілді ағза өзгерістері – әртүрлі аурулардың басты себепкері.

Сол үшін де қызық кітап – рухани азық. Саулықта бо- лудың табылмас дәрісі. Кітап оқудың тағы бір ерекшелігі ұзақ өмір сүрудің кепілі екен. Жапония меди- цинасы осылай қорытынды шығарып отыр. Олардың айтуынша, ең ұзақ өмір сүретіндер – философтар, одан кейінгісі ғалымдар мен көркемөнершілер болып отыр.

«Кітап оқу – үлкен миды үздіксіз қозғалысқа сала- ды. Кітап оқып болған соң да оның адамға сыйлайтын әсері дене шынықтырудан кейінгі массаж секілді адам- дың рухани қалыңға түсіріп отырады» – дейді күншығыс білімпаздары.

Енді ғалымдар бөле-жара жіктелген кітап оқудың бір- неше пайдасын да мысал ете кетейік: кітап оқу қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі. Адам жады мен ойлауын дамыта- ды. Көп оқығанның жады мықты болады, талдауға, сараптауға бейім келеді. Бұл тамаша дағды адамдармен дұрыс қарым-қатынас жа- сауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастыра- ды, сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.

Баланың тәрбиесі мен қалыптасуына аса қажетті осынша жақсы қасиеттерді қалай сіңіретіндігі? Ұлы ұстаз жаныңызда жүр емес пе?

Біз өз білгенімізді айт- тық. Ал бұған басқа жұрт не дейді, ерік әркімнің өзінде.

ЕЛ ІШІ – ӨНЕР КЕҢІШІ

Біздің ағай тамаша...

Алыс ауылдарда өнер десе ішкен асын жерге қоятын жандар жетерлік. Бір қызығы, олар өз топырағынан ұзамай-ақ дүйім жұртқа өнермен танылып жатады. Біздің ағай сондай кісі. Бүгінде Тайып Балымбетовтың есімі Қазалы жұрттыңа тегіс таныс.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Мектепте әлі күнге дейін оның шын есімін ешкім айтпапты. Тай ағай дейді. Үлкені де, кішісі де осылай атайды. Оқушы күнімізде «қазір Тай ағайдың сабағы басталады» деп шуласқан күйі қонырау соғылмай жатып, класка еңтелей кіріп алатынбыз. Өйткені, сабағы ерекше. Өзге сынып- тағылар мүлде басқа пән өтіп жатса-дағы, ағай тартқан баян дауысына елітіп қалатын. Айтпақшы, ағайдың азан шақы- рып қойған есімі Тайып еді. Оны кейін білдік. Тайып есімі татар ұлтында кездеседі. Ана- сы Ұлмаш үйіне келген құтты қонақ – татар жігіті Тайыпқа құрсағындағы сәбіге ат қою- ды өтінген көрінеді. Әлдебір ырымға сүйенген шығар. Міне, ұстаздың шын есімі осы. Ал біздің ауыл бұрынғы- сынша Тай ағай деумен келеді. Бір қызығы, ағайды жары Үршіптің есімі де Рысыкке екенін берінде ғана естідім. Екеуі де біздің елде 30 жылдан аса ұстаздық етті.



жақын әріптестері болмаса, біз секілділер мұны кейінірек білгенбіз.

– Мектепте керемет хор басталса, ағайдың сабағы бо- лып жатқанын бірден білесіз. Сазды әуен білім ордасын шаттыққа бөлейді. Сол әуенмен бүкіл мұғалім біткен көңілдене, жүздеріне қуаныш үйіріліп, жұмыстарына құл- шына кірісетіні бар, – деп күлді мектептегі оқу ісі менге- рушісі Баян апай.

«Оның мектепте музыка- дан сабақ беріп, бала шығар- машылығын дамытуда еңбегі қалай?» деп әлдебіреу сұрай қалса, сөз жоқ, кез келген ауылдасы бас бармағын көк- ке қарата көрсетеді. Өйткені,

біртоға, көп сөзге жоқ кісінің ән өнеріне деген құрметін бәріміз бала күннен көріп өстік. Өзінің айтуынша, әу- елі ағасы Тасболатқа еліктеп, домбыра тартып, баян ұстаған ұлдың өнерден кеңде болма- уының бір ұшы әкесі Құрман ақсақалда жатыр. Соғыс арда- гері, шынашақтай қара шал- дың домбыра тартып, аң-құс атудағы саятшылық өнерін көзі көргендер талай айтқан.

Хош, біздің кейіпкердің ән шығарудағы әлемі бөлек. Сағыныш қысқанда не ерек- ше қуанғанда ыңылдап жүріп, әбден пісіп-жетілгенде тама- ша туындыны жарыққа шыға- рады. Ал оның ең алғашқы тыңдаушылары – отбасы. Одан қалды, шәкірттері мен әріптестері болды. Ән осы- лай ауыл кештерінде, түрлі сауық-тойларда орындалып, тыңдаушыларын тауып жата- ды.

Ең алғаш «Бөпешім» әнін жазып, кейіннен «Аймарал- дым», «Ерке қыз», «Туған жер» «Қазақстан», «Наурыз келді», «Ақ келін» атты ән- дерімен шығармашылық қор- жынын толтырды. Ал біздің апайымыз Үршіп-Рысыкке «Аңсағаным» туындысын арнағаны қандай әсерлі де- сеңші. Бала күнгі досы, ұзақ жыл мектепте тәрбие саласын басқарған Дауылбай ағайға арнаған «Досыма» әнін тыңда- саңыз, ғажап күй кешесіз.

– Оларды отбасымен бірге өнерлі десе болады. Ұлдары Қасым, Қаһарман – белгілі әншілер. Талап пен Олжас та өнерден құр алнақ емес. Балалардың анасы Үршіп көп жыл ауылдағы мектепте үс-

таз болды. Бүгінде зейнетке шықса да жас буынды тәрбие- леуде үлесі зор. Ауылдағы «Әжелер» ансамблінің белді мүшесі, – дейді Бекарыстан би ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Сәдуов.

Бір кездері «Қасым ән салғанда...» атты мақала жазғаным бар. Басты кейіпкер – Қасымның әкесі де, өнерге баулушысы да осы Тай ағай. Кейде әкелі-балалы өнерпаз- дар ауыл клубында қосыла ән салады. Өн үзіле салысымен, орныыздан атып тұрып, қос алақаныңызды аямастан ша- палақтай бересіз.

Бүгінде Ү.Түктібаев атын- дағы №24 орта мектептің пси- хологы қызметін атқаратын Тайып Балымбетов аскаралы 60 жасқа толды. Ұстаздық жо- лында өзіндік дара мінезімен бөлек тәрбие қалыптастырған ағайдың биік болмысы көп шәкіртке үлгі. Кіндік кескен жерінен бір елі ұзамай, бала тәрбиесінде тапжылмай ен- бек етіп келе жатқан Тайып- келді, «Ақ келін» атты ән- дерімен шығармашылығы, жеткен жетістігі бөлек әңгіме. Респуб- ликалық додалардан, түрлі ән байқауларынан топ жарып жүрген шәкірттері жетерлік. «Ел іші – өнер кеңіші» емес пе?! Сыр сүлейлерінің бірі Жәмет жыраудың жырларын жатқа айтып, ауылдан шыққан Күлән Қалымбетова, Балапан Жүбаева, Бектұрған Жібек- әлиев сынды әнші һәм компо- зиторлармен бірге есімі қатар аталатын оның қасиет тұнған өлеңкері өнерлі ұлы екені дау- сыз дүние.

Қазалы ауданы, Бекарыстан би ауылы.

Құрметті салық төлеушілер!

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті, салық төлеушілерді ақпараттандыру және ха- лықпен кері байланыс жолдарын кеңей- ту мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кіріс- тер комитетінің «Байланыс орталығын- да», 1414 телефоннан басқа, Телеграм (https://t.me/KGDMFRK1414) және WhatsApp (8-776-136-41-32) чаттар іске қосылғанын хабарлайды.

Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті.

Жарамсыз деп есептелсін

Усаинова Кулзира Молдахметовна- ның атына "Қызылорда облысы бойын- ша Ұлттық оқу-клиникалық орталығы" ЖШС-да «Мейірікке ісі» мамандығы бойынша "Жалпы мейірікелік техно- логиялар" циклы бойынша 2019 жыл- дың 03-17 қаңтар аралығында (108 сағат) біліктілігін арттырудан өткені үшін 2019 жылдың 17 қаңтарында берілген №004 біліктілігін арттырғаны туралы куәлі- гінің түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ЖӘР.ИЕҢКЕ. ӨТТЕДІ

Ағымдағы жылдың 23 қараша күні Қызылорда қаласы әкімдігінің ұйымда- стыруымен облыс орталығының төмендегі шағын ауданында ауыл шаруашылығы жәрменкесі өткізілетіндігін хабарлайды. Жәрменке өткізу уақыты 09.00-ден-13.00-ге дейін. Өтетін орны: Қызылорда қаласы, Жанқожа батыр көшесінің бойы (Реалбаза алды)